

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

## ҚОҒАММЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

2-бет



## МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫ ҚАРЫЗЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫН ҚАҚПАУЫ ТИІС

4-бет



## «СОҢҒЫ КӨШ» ТАРИХТЫҢ ҰЛЫ КӨШІНЕ ҰЛАСА БЕРЕДІ

14-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №15 (937) 12.04.2021 jyl




## БАР ҚАЗАҚҚА АНА ЕДІ...

**1906 жылдың қараша айында Қостанай өңірінің «Мезгіл» деген қайыңды бақтың бауырында Хакімжан мен Төлегеннің отбасында Едірес, Ахметжан дейтін ұлдарынан кейін айды аспанға шығарып, асыға күткен қыздары дүниеге келді.**

8-9 бет

# ЖЕР МӘСЕЛЕСІНДЕ ШЕГІНЕРГЕ ЖЕР ЖОҚ

## ЖЕР ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙДЫ, ЖАЛҒА ДА БЕРІЛМЕЙДІ!



4 бет

**2016 жылы жер дауы көтерілген кезде «Ақ жол» партиясы да өзінің нақты ресми ұстанымын білдіріп, жерді шетелдіктерге сатпау ғана емес, оны шетел азаматтары мен компанияларына жалға да бермеу туралы ұсыныс жасаған болатын. Бұл ұстанымды партиямыздың Саяси Бағдарламасына да енгіздік. Өкінішке орай, біздің бұл ресми ұсынысымыз белгісіз себептермен Үкімет комиссиясының қорытынды хаттамасына енбей қалды. Тіпті көбі біздің пікірімізді түсінбей, осы сайлау алдында өткен теледебаттарда басқа партияның өкілдері сұрақ қойған кезде партия төрағасы Азат Перуашев нақтылап түсіндіруге мәжбүр болды.**



## МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІК – МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ СЕРІКТЕСТІГІ МЕ?!.

### 80 МЕКТЕП КІМДЕРДІҢ ҚАЛТАСЫНДА КЕТПЕКШІ?!.

**Шын мәнінде, мұндай қарыздар ешқандай да «инвестиция» емес, халықтың ақшасын біреулердің жеке қалтасына салып беру құралына айналуда. Жеке біреулерді байлыққа батырып, ал әкімдікті қарызға батыратын, ақырында ол миллиардтарды сіз бен біз, қарапайым халық төлейтін сыртқы қарыздардың сыры міне, осындай, халайық! Сонда біздің «МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІК» – МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ СЕРІКТЕСТІГІ МЕ?**

3 бет



Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ:

## БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕГЕН ҚОҒАМДА БІРЛІК БОЛМАЙДЫ

6 бет

# ВМЕСТО БЕЖЕНЦЕВ ПРИНИМАТЬ КАНДАСОВ



**2020 г. показал хрупкость не только человеческой жизни, но и будущего отдельных государств в условиях биологической, экономической, гибридной и другой войны. Появились многие доселе скрытые угрозы, о которых можно лишь догадываться. На таком фоне мы продолжаем наш разговор с исследователем-писателем Торегали Казиевым с его демографическими исследованиями.**

10 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман–3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8(727)398–57–31 Жазылу индексі – 65380

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ҚОҒАММЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі өзінің жаңадан тағайындалған арнаулы өкілі Ержан Қазыхановпен кездесіп, осы жаңа лауазымның бекітілуі жаһандық және өңірлік күн тәртібінің жылдам өзгеруі кезінде халықаралық ынтымақтастық мәселесіне ел басшылығы тарапынан ерекше назар аударылатынын жеткізді.**



Президент ұлттық экономиканы және әлеуметтік саланы жедел қалпына келтіру үшін COVID-19 пандемиясының ауыр салдарын еңсеру, сыртқы ресурстарды тарту жөнінде шетелдік серіктестермен тығыз байланыс жасауды арнаулы өкіл қызметінің басты міндеті екенін ескертті. Осыған байланысты кездесуде цифрлық және жасыл технологияларға баса мән беріліп, озық инвестициялық жобаларды іске асыруда, көпжақты қаржы-экономикалық ұйымдармен ынтымақтастықты арттыруда, Дүниежүзілік сауда ұйымы аясында жаңартылған әлемдік сауда архитектурасын қалыптастыруда Қазақстанның белсенді атсалысуы қажет екеніне назар аударылды. Сонымен қатар, Ержан Қазыхановқа гуманитарлық сала, климат дипломатиясы, сондай-ақ, Қазақстанның негізгі сыртқы саяси бастамаларын ілгерілету сияқты халықаралық ынтымақтастықтағы маңызды міндеттер жүктелді.

Жоғарыда аталған міндеттерді ескере отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында отандық және шетелдік зерттеу орталықтарымен, Қазақстанның азаматтық қоғамымен кері байланыс орнатудың маңыздылығын ерекше атап өтті.

# ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Жылына бір-ақ рет болатын қасиетті Рамазан айы келіп жетті. Мұсылманның бес парызының бірі – қасиетті Рамазан айында ораза ұстау екені баршамызға белгілі. Иман жолына шынайы бет бұрған халқымыз Рамазан айында Алланың рақымына бөленуді үміт етіп, сауабы мол ізгі амалдарды атқаруға ниеттенеді.**

Биыл да қасиетті Рамазан айын пандемия жағдайында өткізгелі отырмыз. Орталық коммуникациялар қызметінде тікелей эфирде өткен брифингте бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлы ауызашар кезінде, құлшылық сәттерінде санитарлық талаптарды қатаң сақтауға шақырды. Денсаулық – бәрінен қымбат құндылық, Алланың адамзатқа берген аманаты. Осы орайда жасы алпыстан асқан қарияларды ауыз бекітуден бұрын медициналық тексеруден өтуге кеңес берді. «Алла қаласа, 2021 жылдың қасиетті Рамазан айы 13 сәуірде басталып, 12 мамырда аяқталады. Орталық Азия муфтилерімен кеңесіп, ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйене отырып осындай шешім қабылдадық. 8 мамырдан 9 мамырға қараған түн – қасиетті Қадір түні. Пітір садақа мөлшері жан басына 420 теңге болып белгіленді. Пітір садақа мөлшері барлық облыстағы 2 келі ұнның ең төменгі бағасымен өлшенді» – деп атап өтті Бас мүфти. Сонымен бірге Рамазан айында айтылатын уағыз-насихат, сұрақ-жауап жұмыстарын онлайн режимде, Құран хатым жасау рәсімдері де қашықтан оқылатынын хабарлады.

Қасиетті Рамазан айында ұстаған оразаларыңыз бен құлшылық-ғибадаттарыңыз қабыл болсын құрметті, мұсылман қауымы!

# АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ ГРУЗИН ТІЛІНДЕ ЖАРЫҚ КӨРДІ

**Грузия Жазушылары үйінде қазақтың ақыны және ойшылы Абай Құнанбайұлының грузин тілінде алғаш басылып шыққан өлеңдер жинағының тұсаукесері болып өтті.**



Іс-шараға Грузияның Мәдениет министрлігі мен Жазушылар одағының, әдеби топтарының, сондай-ақ Қазақстан елшілігінің өкілдері қатысты. Абай өлеңдерінің аудармашысы, Грузия Жазушылар одағының төрайымы, мемлекеттік сыйлықтардың лауреаты Маквала Гонашвили өз сөзінде қазақ халқының ұлттық болмысы, рухы мен дүниетанымын қамтитын Абай шығармашылығының жан-жақтылығы мен тереңдігін, онымен танысу екі мәдениеттің өзара баюы мен халықтардың жақындасуына қызмет ететінін атап көрсетті. Қазақстан Елшілігінің кеңесшісі Гүлмира Сұлтанәли Абай шығармашылығы мен идеяларының тәуелсіздік кезеңінде, еліміздің жаңғырту шеңберінде аса өзекті және үлкен сұранысқа ие екендігін жеткізді. Бұл кеште әдебиетшілердің назарына Қазақстан мен Грузияда басылып шығарылған Маквала Гонашвили мен Ғалым Жайлыбайдың өлеңдер жинақтары да ұсынылды. Грузин жазушылары Абай өлеңдерінің грузин тіліндегі аудармасына жоғары баға берді. Қазақстандық дипломаттар Грузия Жазушылар одағына қазіргі қазақ поэзиясының және прозасы антологияларын сыйға тартты.

# ЖҰРТ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРГЕ ЗӘРУ

**Мәжіліс жерді шетелдіктерге сатуға және жалға беруге біржола тыйым салуды көздейтін заң жобасын мақұлдаған соң қасиетті жерімізге қатысты дау-дамай толық шешілмесе де сәл де болса дамыл тапқандай. Бірақ жерге қатысты мәселе әлі да жетерлік.**



Жер реформасы жөніндегі комиссия Үкіметке орман алқаптарынан жайылымдар мен шабындықтарды жалға беру бөлігіндегі заңнаманы жетілдіруді ұсынды. Жер реформасы жөніндегі комиссияның үшінші отырысында экономикалық мәселелер жөніндегі жұмыс тобының басшысы Ақылбек Күрішбаев осындай ұсыныс айтты.

«Мысалы, Қазақстандағы орман қорларының және ерекше қорғалатын аумақтардың алқаптары 41 млн. гектарға жуық. Соның ішінде 10 млн. гектардай арнайы жайылымға берілген жерлер. Бұл – үлкен мүмкіндік. Бірақ, өкінішке қарай, жайылымдарды жергілікті халыққа жалға беру мәселелерінде бюрократия өте көп. Мемлекеттік органдар және жергілікті әкімшілік тарапынан бұл мәсәелелер тиісті деңгейде бақыланбайды. Біздің ұсынысымыз – халықтың жайылымдық жерлердегі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне орман алқаптарынан жайылымдар мен шабындықтарды жалға беру бөлігіндегі заңнаманы жетілдіру. Жұмыс тобындағы көпшілік осы мәселені қолдады», – деді Ақылбек Күрішбаев.

# АЛТЫНТӨБЕДЕГІ АЙҚАЙ-ШУ

**Шымкент түбіндегі Алтынтөбе ауыл тұрғындары жолды жауып, алтын бұйымдарды өндіретін кәсіпорынның жабылуына қарсы шыққан. Себебі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жасағы кәсіпорынға баса-көктеп кіріп басшысын тұтқындап, кәсіпорынды жапқан.**

Содан бері не жұмыс, не басшылардан хабар жоқ, ұсталған 40 шақты адамға қандай жаза қолданғаны белгісіз. Цех ішіндегі алтынды да түгел алып кетіпті. Үш жыл бұрын іске қосылған алтын бұйымдарды өндіретін цехта осы ауылдың 100-ден астам тұрғыны жұмыс істейді. Жабық тұрған кәсіпорынға айналдыра қарулы жасақ қойылған. Үйден шықсақ полицейлер айыппұл салып, көшеге шығу мұң болды дейді тұрғындар. Тіпті, полицейлер кемпіршалға да қарамай, барлығын басып алып кеткен. Осылайша бір сәтте ауыл іші азан-қазан болды, полицейлер карттарға да, оқиғаны түсіруші журналистерге де күш қолданған. Бұл оқиғаға қатысты полиция мен ҰҚК қызметкерлері түсінік беруден бас тартқан. Шағын ғана кәсіпорынның ұлтқа қандай қауіп төндіргенін түсінбеген тұрғындар енді жұмыссыз қаламыз ба деп алаңдаулы.

# ШЕНЕУНІККЕ СЫЙАҚЫ БЕРГЕНДЕР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

**Қазақстандықтар заңсыз материалдық сыйақы бергені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Шенеунікке 6 мың теңгенің сыйлығын берген адамға 4,5 млн. теңгеге дейін айыппұл салынады.**

Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Олжас Бектенов Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексіне енгізілген өзгертулерді баяндау барысында айтты. «Сыйақылар, сыйлықтар немесе жеңілдіктер бергені үшін жеке тұлғалар ӘҚБтК-нің 676-бабы бойынша 200 АЕК көлемінде айыппұл төлейді, бұл шамамен 600 мың теңге», – деді О.Бектенов. Бұл ретте, егер мұндай сыйақы немесе сыйлық заңды тұлға тарапынан берілетін болса, онда мұндай әрекет ӘҚБтК-нің 678-бабы бойынша сараланады және мұнда айыппұл 700 АЕК-ке дейін өседі. Мұндай құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда заңды тұлға екі есе – 1500 АЕК немесе 4,5 млн.теңге төлейді.

# АЙДОСТЫҢ АЛТЫНШЫ ЖЕҢІСІ

**Қазақстандық кәсіпқой боксшы Айдос Медет Алматыда өткен бокс кешінде айқын басымдық көрсетіп, қарсыласын нокаутпен ұтты.**

Басқа спорт саласына қарағанда қазақстандық былғары қолғап шеберлері әлемге жақсы танымал. Олимпиада, әлем біріншілктерінде топ жарған спортшыларымыз аз емес. Бүгінгі күні кәсіпқой боксшылардың өнері әлем жұртшылығының ерекше назарында екені белгілі.

Бокстан болашағы алда деп үміт артып отырған 20 жастағы Айдостың бұл жолғы қарсыласы өзінен екі жас үлкен украиналық Павел Трипутень болды. Жартылай жеңіл салмақтағы жекпе-жек 6 раундқа есептелген болатын. Алайда ол екінші раундта аяқталды. Айдос қарсыласын алдымен нокдаунға, кейіннен нокаутқа жіберді.

# ЖАЛАҚЫ ТАЛАП ЕТСЕҢ ЖҰМЫСТАН ҚУЫЛАСЫҢ

**Екі айдан бері ақша алмаған «АтырауНефтеМаш» компаниясының жұмысшылары прокуратураға шағымданды. Алайда 40 шақты қызметкердің бұл қылығына қырсыққан басшылар барлығын зауыт маңына жолатпай қойған.**

Құзырлы орынға шағымданғандарды жұмысқа кіргізбей қойған басшылар еліміздің заңына пысқырмайтынын аңғартты. Онсыз да мардымсыз жалақыны бір беріп, бірде бермейтін басшылар оның төлеу нормаларын да қалауынша өзгерте салатын көрінеді. Әрине, жалақыны көбейту үшін емес, азайту бағытында. Кәсіпорын басшылығы шетелдік жұмысшылардың айлығын сол күйі қалдырып, оларға кеңшілік берген. «Біздің жігіттердің шетел азаматтарынан қай жері кем екенін түсінбедім. Олардың жалақысы, осы істеп жатқан бірдей жұмыстан үш-төрт есе көп алады», – дейді дәнекерлеуші Айбек Қабиденов. Айлығын даулаймыз деп жұмыссыз қала жаздаған азаматтар компания басшысының кабинетіне басып кірді. Есігін жауып үлгере алмаған«Атыраунефтемаш» ЖШС бас директоры Александр Донсков, амалсыз қол астындағы қызметкерлердің базынасын тыңдап, ешкім жұмыстан босатылмайды деп сендірді ақыры. Ал еңбек инспекциясы аталмыш компания жалақыны кешіктіріп беруді әдетке айналдырған дейді. Тіпті, жұмысшылар тарапынан бірнеше рет арыз-шағым да түскен. Айыппұл төлеп қана құтылатын басшылық енді сот алдында жауап береді.



# МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІК – МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ СЕРІКТЕСТІГІ МЕ?!.

## 80 МЕКТЕП КІМДЕРДІҢ ҚАЛТАСЫНДА КЕТПЕКШІ?!.

## ҚОҚЫСТАН МИЛЛИАРД ЖАСАУШЫЛАР КІМДЕР?!.

**Бұлай айтуымызға бүгін парламенттегі «Ақ жол» партиясы фракциясының «Мемлекеттің сыртқы қарызы қарапайым халықтың қалтасын қақпауы тиіс!» атты депутаттық сауалы себеп болды.**

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ә.А.Смайыловқа жасаған «Ақ жол» партиясы фракциясы мүшесі Андрей Линниктің депутаттық сауалын оқи бастағаннан желге ұшып жатқан миллиардтардың екпінінен төбе шашыңыз тік тұрады.**

Иә, «Ақ жол» партиясы Парламентте сыртқы қарыз проблемасын үнемі көтеріп келеді. Бүгінде еліміз сыртқы кредиторларға 160 млрд. АҚШ долларынан астам қарыз, бұл жалпы ішкі өнімнің шамамен 90,7 пайызын құрайды және күн сайын өсіп келеді.

Біздің нақты, дәлелді сауалдарымызға шекесі тар шенеуніктер «тек мемлекеттік қарызды есепке алу керек» деген шығарып салғыш түсіндірмелермен құтылып кетуде. Олардың айтуынша, кәсіпорындардың сыртқы қарызы халыққа әсер етпейтін сияқты.

Алайда, мұндай тұжырымдар экономикалық сауатсыздықты ғана білдіреді. Өйткені, бұл мәселеге «Ақ жол» партиясының депутаттары мен партия төрағасы бірнеше рет назар аударып, көзге шұқығандай көрсетіп, соқырға таяқ ұстатып берген болатын...

Мысалы, тек Европалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) жалпы сомасы 9,4 млрд. доллардан асатын 280 жобаны қаржыландырды, оның 66 пайызы – жеке секторда.

Осы миллиардтаған доллар қарыздарды халық төлей ме, жоқ па, оған су жаңа екі мысал келтіруге болады.

Негізі жеке кәсіпорындар қарыз алушы болып көрінгенмен, қыруар қарыз қарапайым азаматтардың салығынан жиналатын мемлекет қаржысы арқылы қайтарылады.

Мәселен, елордада мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) желісі бойынша мектептер салу жобасы дайындалуда, онда құрылыс салушы компания бір мектептің құнын 7,5 млрд. теңгеге бағалады. Ал негізі қарапайым мектеп салуға мемлекет 1,5 миллиардқа, ары кеткенде 2 миллиардқа дейін қаржы жұмсайды. Сонда ар жағындағы 6 млрд. доллар кімдердің қалтасына кетуде. Әрине, халықтың емес. Бірақ қарызды халық төлейді салық арқылы...

«Жалпы алғанда, 30-40 млрд. теңгенің орнына 150 миллиардқа 20 мектеп жоспарланған. Демек, қала салық төлеуші халықтың қалтасынан 110-120 млрд. теңге артық алып отыр. Бұл не деген жалған «инвестициялар»? Қаланың өзіне біреудің несиесін жылдар бойы 4 есе артық төлегеннен гөрі 30-40 миллиардтық мектептерді салған тиімдірек емес пе?» – дейді депутат Андрей Линник.

Иә, 150 миллиардқа 100 мектеп салуға болады. Сонда астанамызда 100 мектептің ақшасына 20 мектеп салмақшы сабаздар кімдер? 80 мектеп кімдердің қалтасында кетпекші?

### ҚОҚЫСТАН МИЛЛИАРД ЖАСАУШЫЛАР КІМДЕР?!.

Бұл аз болса, тағы бір мысал:

«Семей қаласында МЖС желісі бойынша ЕҚДБ қаржыландыруы арқылы 6,8 млрд. теңгеге қоқыс өңдеу полигонын (ҚТҚ) салу жоспарлануда. Ал дәл осындай полигонның сметалық құны Батыс Қазақстан облысында 200 млн. теңге болған.

Яғни, Семейдің қоқыс полигоны тіпті 4 емес, 34 есе қымбат тұрады!! Осы сала мамандарының есептеуінше, әр түрлі аудандар мен технологияларды ескерген күннің өзінде де, жобаның құны 11 есеге артық» – дейді ақжолдық депутат.

Сонда Семейдегі қоқыстан миллиард жасаушылар кімдер?

Әлеуметтік желілерде Семей қаласы әкімдігі жанындағы «Келешек» мемлекеттік кәсіпорнының басшысы Мақсұт Нығметовтың хаты пайда болды. Онда ол батылдық танытып, әкімдік шенеуніктерінің қысымына қарамастан, банкіге бұл жобаны жасаудан бас тартатынын хабарлайды.

Ол бұндай қадамы үшін тез арада жұмыстан шығарылатынына қарамастан, әкімдіктің ЕҚДБ-мен сценарийі бойынша тарифтердің 15 есе өсуіне әкелетін келісімге қол қоюдан түбегейлі бас тартатынын жазады!

Коммуналдық кәсіпорын басшысы тарифтердің жоспарлы түрде тым тез өсуінің себебін полигон құрылысына арналған сыбайлас жемқорлық сметаларының бірнеше есе артуымен тікелей байланыстырады.

Бұл біздің шенеуніктердің сыртқы қарыздарды өте күмәнді мақсаттарда қалай пайдаланатындығының айқын мысалы. Бұл несиелер үшін ақыр соңында қарапайым азаматтар қалтасынан күйеді

Шын мәнінде, мұндай қарыздар ешқандай да «инвестиция» емес, халықтың ақшасын біреулердің жеке қалтасына салып беру құралына айналуда. Жеке біреулерді байлыққа батырып, ал әкімдікті қарызға батыратын, ақырында ол миллиардтарды сіз бен біз, қарапайым халық төлейтін сыртқы қарыздардың сыры міне, осындай, халайық! Сонда біздің «МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ СЕРІКТЕСТІК» – МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ СЕРІКТЕСТІГІ МЕ?

Кеше ғана үкіметіміз ЕҚДБ-мен серіктестік туралы 2025 жылдың соңына дейінгі мерзімге кезекті кеңейтілген негіздемелік келісімге тағы қол қойғаны да көңіл аударарлық жәйт... Шетелден тартылатын инвестициялар және олар бойынша жобаларды іске асыру біздің мемлекеттік мүдделерімізге және бірінші кезекте жалпы қоғамның мүдделеріне жауап беруі тиіс деп санаймыз.

Сондықтан «Ақ жол» партиясының депутаттық фракциясы:

1) Тарифтердің тұрақтылығы және бұл жүктемені Қазақстан азаматтарына салмау тұрғысынан МЖС шеңберінде сыртқы қарыз алу тәсілдерін қайта қарау;

2) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің назарын көрсетілген мысалдарға аудару (Семей қаласынан кәсіпорын басшысының хаты қоса берілген).

3) Әлеуметтік желілерде жарияланғандай, «Келешек» кәсіпорнының басшысы Мақсұт Нығметов тиімсіз шартқа қол қоюдан бас тартқаннан кейін оны полиция қызметкерлері әкімдік залынан алып кеткен. Осыған байланысты, адал адамды шенеуніктердің қудалауынан қорғауды талап етеді.

Қалтасын қалыңдатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы болғандардың денсаулығына күмән келтіретін қазіргідей жағдайға жеткен заманда Мақсұт Нығметов секілді жеке басының жағдайынан ел жағдайын, мемлекет мүддесін жоғары қоятын ерлеріміз көбейе беруі үшін біз оларды қолдап, қорғауымыз керек!

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты**

*• Дүбірлі дүние*

## БИЛІККЕ СЫН АЙТЫП АЙЫППҰЛ АРҚАЛАДЫ

Қытай билігі «Алибаба» компаниясына монополияға қарсы заңды бұзғаны үшін 2 млрд. 750 млн. доллар айыппұл салды. Рейтер агенттігінің хабарлауынша, бұл корпорацияның 2019 жылғы табысының 4 процентіне тең шығын. Сарапшылар осынша ірі көлемдегі айыппұл елдегі монополияға қарсы саланың тарихында бұрын-соңды болмағанын айтады. Былтыр қазан айында «Алибаба» басшысы Джек Ма Қытай билігін «бюрократиямен айналысады, соны доғару керек» деп сынаған болатын. Осы сөздерінен кейін миллиардер мүлде көрінбей кетті. Желтоқсанда үкімет компанияда антимонополиялық тексерістердің басталғанын жария етті. Соның нәтижесінде компания айыппұлдың астында қалды. Билікке сын айту қай елде де қауіпті екенін осыдан көруге болатын шығар.

## БРАЗИЛИЯДА ІНДЕТ БАҚЫЛАУДАН ШЫҒЫП КЕТТІ

Коронавирустың өзіндік түрі жайылған Бразилияда биліктің ковидпен қалай күресіп жатқанын тергеу үшін арнайы комитет құрылатын болды. Өйткені елде індеттің таралуы бақылаудан шығып бара жатыр. Кейінгі тәулікте вирустан 4200-ден аса адам көз жұмған. Ауруханаларда орын тапшы. Жекеменшік клиникалардың 75 процентінде науқастарды емдейтін дәрі-дәрмек қоры бір аптаға ғана жетеді. Соған қарамастан, Бразилия президенті елде жаппай қатаң карантин енгізуден бас тартып отыр. Оның себебі түсінікті, жұмыссыз қалған адмдарға мемлекет тарапынан төлейтін мол қаржы қажет.



## ТҮРКИЯДА КОМЕНДАТТЫҚ САҒАТ ЕНГІЗІЛДІ

Түркияның бірқатар провинциясында коменданттық сағат жарияланды. Өйткені Түркияда ковид-19 дертін 55 мың 791 адам жұқтырып, науқастар саны рекордты көрсеткішке жетіп қалды. Ауырғандардың 2 мың 658-і ауыр халде жатыр. Бұл туралы елдің Денсаулық сақтау министрлігі мәлімдеді. Індеттің ушығуына байланысты көптеген провинцияда жұмадан дүйсенбіге дейін коменданттық сағат жарияланды. Тұрғындарға демалыс күндері кешкі 9-дан таңғы 5-ке дейін көшеде себепсіз жүруге болмайды. Келесі аптада бұл шектеулер бүкіл ел бойынша 1 ай уақытқа енгізілмек. Түркияда қаңтарда қытайлық вакцинаны егу науқаны басталды. Ал өткен айдан бері «Пфайзер-Байонтек» препараты егіліп жатыр. Қазірге дейін вакцинаның 2 дозасын алғандар қатары 7 миллион адамнан асты. Соған қарамастан індет ушығып барады. Оған адамдардың санитарлық талаптарды сақтамауы себеп болып отыр.

# МЕМЛЕКЕТТІҢ СЫРТҚЫ ҚАРЫЗЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫН ҚАҚПАУЫ ТИІС

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ә.А. СМАЙЫЛОВҚА ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

«Ақ жол» партиясы Парламенттегі жұмысы барысында сыртқы қарыз проблемасын үнемі көтеріп келеді. Бүгінде еліміз сыртқы кредиторларға 160 млрд. АҚШ долларынан астам қарыз, бұл жалпы ішкі өнімнің шамамен 90,7 пайызын құрайды және бұл көрсеткіш өсуді жалғастыруда. Осы үрдістің теріс сипатқа ие екені туралы біздің сауалдарымызға шенеуніктер «тек мемлекеттік қарызды есепке алу керек» деген түсініктемелермен құтылып кетуде, ал кәсіпорындардың сыртқы қарызы халыққа әсер етпейтін сияқты.



Алайда, мұндай тұжырымдар экономикалық сауатсыздықты ғана білдіреді, бұл мәселеге «Ақ жол» партиясының депутаттары мен партия Төрағасы бірнеше рет назар аударған болатын. Мысалы, тек Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) жалпы сомасы 9,4 млрд. доллардан асатын 280 жобаны қаржыландырды, оның 66 пайызы – жеке секторда. Мұндай қарыздар халықтың қалтасын қаға ма жоқ па оны мына екі нақты мысалмен келтіруге болады: жеке кәсіпорындар қарыз алушы болып көрінгенмен, қарызды төлеу қарапайым азаматтардың басына жүктелуде. Мәселен, елордада мемлекеттік-жеке серіктестік (МЖС) желісі бойынша мектептер салу жобасы дайындалуда, онда құрылыс салушы компания бір мектептің құнын 7,5 млрд. теңгеге бағалады, бұл ретте қарапайым мектепке мемлекет 1,5-тен 2 миллиардқа дейін шығындайды екен. Жалпы алғанда, 30-40 млрд. теңгенің орнына 150 миллиардқа 20 мектеп жоспарланған. Демек, қала салық төлеушілердің қалтасынан 110-120 млрд. теңге артық алып отыр. Бұл не деген жалған «инвестициялар»? Қаланың өзіне біреудің несиесін жылдар бойы 4 есе артық төлегеннен гөрі 30-40 миллиардтық мектептерді салған тиімдірек емес пе?

Тағы бір мысал: Семей қаласында МЖС желісі бойынша 6,8 млрд. теңгеге қоқыс өңдеу полигонын (ҚТҚ) салу жоспарлануда, ал Батыс Қазақстан облысында сметалық құны 200 млн. теңгені құрайтын осыған ұқсас полигон салынды. Яғни, Семей полигоны тіпті 4 емес, 34 есе қымбат тұрады! Осы сала мамандарының есептеуінше, әр түрлі аудандар мен технологияларды ескерсек, жобаның құны 11 есеге артық.

Әлеуметтік желілерде Семей қаласы әкімдігі жанындағы «Келешек» мемлекеттік кәсіпорнының басшысы Мақсұт Нығметовтың хаты пайда болды, онда ол батылдық танытып, ЕҚДБ-ға шенеуніктердің қысымына қарамастан, бұл жобаны жасаудан бас тартатынын хабарлады. Ол тез арада жұмыстан шығарылатынын білсе де әкімдіктің ЕҚДБ-мен сценарийі бойынша тарифтердің 15 есе өсуіне әкелетін келісімге қол қоюдан түбегейлі бас тартатынын жазды! Коммуналдық кәсіпорын басшысы тарифтердің жоспарлы түрде тым тез өсуінің себебін полигон құрылысына арналған сыбайлас жемқорлық сметаларының бірнеше есе артуымен тікелей байланыстырады.

Міне бұл шенеуніктердің сыртқы қарыздарды өте күмәнді мақсаттарда қалай пайдаланатындығының айқын мысалы. Осы қыруар қаржылық несиелер үшін ақыр соңында қарапайым азаматтар жауап беруде. Шын мәнінде, мұндай қарыздар халықтың ақшасын біреудің жеке қалтасына салу құралына айналады. Азаматтардың мойнына артатын сыртқы қарыздардың көлемінің көбеюінің есебінен әкімдіктер тақырға отырып жатыр.

Кеше ғана үкімет ЕҚДБ-мен серіктестік туралы 2025 жылдың соңына дейінгі мерзімге кезекті кеңейтілген негіздемелік келісімге қол қойғаны қуантады. Шетелден тартылатын инвестициялар және олар бойынша жобаларды іске асыру біздің мемлекеттік мүдделерімізге және бірінші кезекте жалпы қоғамның мүдделеріне жауап беруі тиіс деп санаймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы, жоғарыда аталғандарға байланысты «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы төмендегілерді сұрайды:

1) Тарифтердің тұрақтылығы және бұл жүктемені Қазақстан азаматтарына салмау тұрғысынан МЖС шеңберінде сыртқы қарыз алу тәсілдерін қайта қарау;

2) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің назарын көрсетілген мысалдарға аудару (Семей қаласынан кәсіпорын басшысының хаты қоса берілген).

3) Әлеуметтік желілерде жарияланғандай, «Келешек» кәсіпорнының басшысы Мақсұт Нығметов тиімсіз шартқа қол қоюдан бас тартқаннан кейін оны полиция қызметкерлері әкімдік залынан алып кеткен. Осыған байланысты, адал адамды шенеуніктердің қудалауынан қорғауды талап етеміз.

Қазыбек ИСА, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты

# ЖЕР МӘСЕЛЕСІНДЕ ШЕГІНЕРГЕ ЖЕР ЖОҚ

## ЖЕР ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ САТЫЛМАЙДЫ, ЖАЛҒА ДА БЕРІЛМЕЙДІ!



**2021 жылы 7 сәуірде ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында Жер қатынастары бойынша заң жобасы бірінші оқылымда бірауыздан қабылданды. «Ақ жол» партиясы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың жер мәселесіне қатысты ел күткен басты ұстанымын толық қолдап дауыс берді.**

Заң жобасын талқылау барысында «Ақ жол» партиясы фракциясы ұстанымын депутат Берік Дүйсенбинов білдірді. «Қазақ үшін жер дауы – ежелден ең маңызды мәселе екені белгілі. Тәуелсіздіктен бергі халықтың ең қатты толқуы да осы жер мәселесі төңірегінде болып, дау мораторий жариялаумен басылған болатын. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзі бастамашы болып, Парламент Мәжілісіне енгізген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын қабылдау ғасырдан аса уақыт ішінде дауға айналып келген түйткілді мәселенің шешімі болып табылады. Тарихымыздан белгілі, ХХ ғасырдың басында Алаш арыстары бастап, 12 мыңнан астам қазақ азаматы қол қойған «Қарқаралы петициясында» көтерген 10 мәселенің ең маңыздысы – Жер мәселесі еді» – деді ақжолдық депутат.

Иә, «Елдіктің кепілі – Жер. Ол – тәуелсіз мемлекеттің және сол ұлттың Басқұжаты. Ары. Намысы. Бары. Байлығы. Бөлінбейтін еншісі» деген ұран көтерген Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан осы Ел үшін ең басты мәселенің басықасында болған еді.

2016 жылы жер дауы көтерілген кезде «Ақ жол» партиясы да өзінің нақты ресми ұстанымын білдіріп, жерді шетелдіктерге сатпау ғана емес, оны шетел азаматтары мен компанияларына жалға да бермеу туралы ұсыныс жасаған болатын. Бұл ұстанымды партиямыздың Саяси Бағдарламасына да енгіздік. Өкінішке орай, біздің бұл ресми ұсынысымыз белгісіз себептермен Үкімет комиссиясының қорытынды хаттамасына енбей қалды. Тіпті көбі біздің пікірімізді түсінбей, осы сайлау алдында өткен теледебаттарда басқа партияның өкілдері сұрақ қойған кезде партия төрағасы Азат Перуашев нақтылап түсіндіруге мәжбүр болды. Ал биылғы жылдың 20 қаңтарында «Ақ жол» партиясы Үкіметке Жер кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізіп, елді алаңдатқан жер дауының шешілуіне нүкте қойылу керектігі туралы депутаттық сауал жолдаған болатын.

Сонымен Жер туралы Заң жобасында халықты толғандырып отырған Басты сұраққа нақты жауап берілді! Ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаларға жеке меншікке және жалға беруге де тыйым салынады.

«Ақ жол» партиясы Жер мәселесі елдің сөзін жерге тастамаған мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың басты ұстанымын толық қолдап, дауыс берді. «Бүгін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен Қазақстан қоғамындағы халық күткен маңызы зор, ерекше құжат қабылданды! Енді жер шетелдіктерге сатылмайды, жалға да берілмейді!» – деп, талқылауды қорытты ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасы Нұрлан Нығматуллин.

Мораторий қабылданғанға дейін біріккен кәсіпорындарға жалға беріліп кеткен 74,4 мың гектар, шетелдік азаматтарға жалға берілген 18,5 мың гектар ауыл шаруашылығы жерлерінің мерзімі 2022-2025 жылдары аяқталады да, жер мемлекетке қайтарылады. Баяндама жасаған Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров осылай деді. Енді осы бүгін қабылданған Жердің шетелдіктерге сатылмауы мен жалға да берілмеуі туралы заң жобасының негізгі баптарын Жер туралы комиссия басшылыққа алып, барлық жер туралы мәселелерді түгел шешуі тиіс.

Иә, бүгін, сәулелі сәуір айының қасиетті 7-сі күні қабылданған заң жобасы бүкіл елдің күтіп отырған ең басты құжаттарының бірі еді. Өйткені, Жер болмаса, Ел де болмайды! Сондықтан заң жобасын қуана қолдап, ерекше толқыныспен дауыс бердік. Дауыс бере отырып, өзімнің осы бүкіл ел күткен Тәуелсіздіктің берік тірегі болар тарихи шешімді қабылдауға қатысып отырғаныма Аллаға сансыз шүкірлік еттім. Ал осы халықтың наразылығына ұшырап, елді алаңға шығарған жер сату туралы даулы баптар қабылданған парламент құрамында болмағаныма қуандым.

Жер мәселесінде шегінерге Жер жоқ! Өйткені, Жер – Тәуелсіздік кепілі!

# МОНИТОРИНГТІК ЖҰМЫС ЗАҢМЕН РЕТТЕЛСІН

**Неліктен санитарлық дәрігерлер адам толы автобусқа қарағанда кафеде жұқтыру қаупі көп екеніне немесе вирус сағат 22.00-ден кейін кенеттен «оянып», белсенді тарайтынына сенімді? – бұл туралы Дания Еспаева фракцияның депутаттық сауалында мәлімдеді.**

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Е.Л. ТОҒЖАНОВҚА

Таяуда өткен елдегі эпидемиологиялық ахуал жөніндегі кеңес барысында Президент Қ.Тоқаев Денсаулық сақтау министрлігінің, санитарлық дәрігерлер мен әкімдіктердің жұмысына төмен баға беріп, олардың жұмысының негізгі бөлігі экономиканың түрлі секторларының қызметін шектеуге, мониторингтік топтардың рейдтері мен айыппұлдарға алып келгенін атап өтті. Мемлекет басшысы: «Шектеулер мен кейінгі рейдтер оң нәтиже бермеді, әлеуметтік шиеленісті тудырды. Мониторингтік топтардың жұмысы бизнесмендердің наразылығын тудыра бастады. Ол кейде ашық емес сипатқа ие: кейбір мекемелер жиі тексерілуі мүмкін, ал басқалары мүлдем тексерілмеген» деген болатын.

«Ақ жол» демократиялық партиясының фракциясы мұндай бағалауды толықтай қолдайды. Біз өз депутаттық сауалдарымызда мониторингтік топтардың қызметі мен олар салатын айыппұлдардың заңсыз әрі сыбайлас жемқорлық сипат алғаны туралы хабарлағанымызды еске салуға мәжбүрміз.

Біз тыйымдардан бас тартуды және Кәсіпкерлік кодекске сәйкес бизнесті ақылға қонымды реттеуге көшуді ұсындық. Кодекске сәйкес, санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын тексеруді СЭҚ жүргізуі тиіс. Алайда, барлық жерде кәсіпкерлерді мүлдем басқа тұлғалар полиция, әкімдіктер, олардың тағылымдамадан өтушілері (яғни лауазымды тұлғалар да емес), волонтерлер және т. б. тексереді. Ал санитарлық дәрігерлер тек осы топтардың «хаттамалары» негізінде айыппұл жазып береді.

Бұл ретте мониторингтік топтардың өздері бетперде режимін сақтамайды, кәсіпкерлердің заңды құқықтарын бұзады, өз қалауы бойынша нысандарды бұзады; кәсіпкерлерге олардың заңсыздығына қарсы дау айтуға мүмкіндік болмас үшін іс-әрекеттеріне бейне түсірілімдер жүргізуге тыйым салады.

Мониторингтік топтарда топтың іс-әрекеті, бизнеске залал келтіру және кәсіпкерлерден қорқытып алушылық үшін толық жауапкершілікті мойнына алатын нақты лауазымды тұлға жоқ. Олар өздеріне өздері Конституция мен заң бекітіп алған түсініксіз ұйыларға айналды. Сондықтан жергілікті жерлерде мониторингтік топтардың атын жамылып, кәсіпкерлердің қалтасын қаққан, ешқандай мемлекеттік органға қатысы жоқ алаяқ топтар пайда болғаны жайдан-жай емес.

Біздің барлық өтініштерімізге осындай әрекеттердің заңсыздығы туралы прокуратура органдары полиция мен әкімдіктер құрған мониторингтік топтар Кәсіпкерлік кодекске сәйкес СЭҚ бұзушылықтар және жұқтыру қаупі туралы шұғыл хабарлама болған кезде ғана тексерулер жүргізе алады деген жауап жолдады.

Ал әкімдіктер мен полиция Кодекске назар аудармауы мүмкін екен. Бірақ, бұл Заңды тікелей ескермегендік болып табылады! Заңның қолданылуы төтенше жағдай кезінде ғана тоқтатылуы мүмкін, бірақ ол бір жыл бұрын, өткен жылдың 11 мамырында аяқталған болатын. Сондықтан, барлық мемлекеттік органдар Заңды сақтауға міндетті. Сонымен қатар, санитарлық дәрігерлер енгізген шектеулердің өзі көптеген сұрақтар туғызады. Әр аймақтың өз шектеулері бар, олар көбінесе ақыл-ойға және жасыл, сары, қызыл аймақтарға бөлінуге қайшы келеді. Мысалы, тамақтану мен дүкендердің жұмыс уақытына шектеулер бір жерде 20:00-ге дейін, бір жерде 23:00-24:00-ге дейін енгізіледі; «қызыл» аймақтарда кейбір нысандар «жасыл» аймақтағыға қарағанда одан ұзақ жұмыс істегені де кездеседі.

Неліктен санитарлық дәрігерлер адам толы автобусқа қарағанда кафеде жұқтыру қаупі көп екеніне немесе сағ. 22.00-ден кейін вирус кенеттен «оянып», белсенді тарайтынына сенімді? Мұндай шешімдер Бір жылдан бері қандай статистикалық, ғылыми дәлелдерге негізделген?

Ақыл-ой тұрғысынан алғанда, олардың жұмыс уақытын шектегеннен гөрі жабық бөлмелердің толтырылуын шектеу әлдеқайда маңызды; объектілерге тыйым салу мен басқалардағы той-думандарға көз жұмудан гөрі қашықтықты сақтауды талап ету әлдеқайда тиімді.

Келушілердің маска режимін бұзғаны үшін бизнеске қашан және қанша айыппұл салынатыны тіпті түсініксіз. Осы логикаға сәйкес, сатушылар немесе даяшылар бір емес бірнеше ер кісімен төбелесуге мәжбүр болған. Сонымен бірге, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Заң тұтынушыларға қызмет көрсетуден бас тартуға бизнеске тыйым салады. Заңға қарсы және жалпы ойға қонымсыз қарама-қайшылықтар көп.

Президент Қ. Тоқаев осы шектеулер мен кейінгі рейдтердің барлығы күткен оң нәтиже бермегенін атап өтті. Есесіне олар шағын және орта бизнестің жұмысына кедергі жасап, күйретіп, мыңдаған отбасын күнкөріс қаражатынсыз қалдырды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты «Ақ жол» депутаттық фракциясы:

1. Мониторингтік топтарды жою не олардың құрамы мен іс-әрекеттерін Кәсіпкерлік кодекске сәйкес келтіруді, сондай-ақ әрбір топтың барлық іс-әрекеттеріне жауапты тұлғаны айқындауды.

2. Денсаулық сақтау министрлігінің коронавирустың таралу дәрежесі бойынша аймақтар үшін бірыңғай санитарлық талаптар әзірлеуін;

3. Сауда, қоғамдық тамақтану және қоғамдық көлік нысандарында тек маскалық режим мен келушіге арналған алаң нормасы бойынша шектеулерді (3-4 ш. м.) қалдырып, жұмыс күндері мен уақыты бойынша тыйымдарды алып тастауды;

4. Тұтынушылардың бұзушылықтары үшін кәсіпкерлерді жазалауды тоқтатуды;

5. Маска режимін бұзу, қолғаптар мен кілемшелерді пайдаланбау жағдайлары мен қарастырылған үлкен мөлшердегі айыппұлдар ӘҚБТК-нің 425-бабына қатысты болмағандықтан, осы бапты қолданудан бас тартуды талап етеді.






# ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ ҚОЛДАМАСАҚ, ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА ҰРЫНАМЫЗ

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Р.В. СКЛЯР МЫРЗАҒА

**Индустриялық дамудың маңызды міндеті – өңдеуші өнеркәсіпті барынша дамыту, дайын өнім өндіру және экономика құрылымының күрделенуі болып табылады. Өз кезегінде, бұл міндет өндірушілерді шикізатпен және материалдармен қол жетімді бағада қамтамасыз етуге және өнімнің өзіндік құнын өтейтін сату нарығының болуына тікелей байланысты. Сонымен қатар, экономиканың бірқатар салалары – ең алдымен машина жасау және металл өңдеу, сондай-ақ құрылыс – осы негіздерге нұқсан келтіретін жағдайға тап болды.**

2020 жылдың соңында металл, сұрыпты прокат және дайындау бағасының күрт және айтарлықтай өсуі байқалды. Сол сияқты, бағаның өсуі ЕАЭО нарығында да, әлемдік деңгейде де байқалды. Мысалы, Лондон металдар биржасының деректеріне сәйкес, 2020 жылғы қазаннан бастап ағымдағы жылғы наурыз аралығында болат бағасының өсуі 56%-ды құрады.

«Ақ жол» партиясының депутаттарына металл прокатының бағасы өнімнің өзіндік құнының елеулі үлесін құрайтын Машина жасаушылар одағы, Құрылыс компаниялары қауымдастығы, Қорғаныс кәсіпорындары қауымдастығы және өндірістің басқа да секторларының кәсіпорындары өтініш білдірді.

Металл прокаты бағасының 50%-ға өсуі осы салаларда өзіндік құнның 20-25%-ға және одан да көп өсуіне алып келді. Бұл ретте, Қазақстанның машина жасау және металл өңдеу негізінен ішкі корпоративтік нарыққа және квазимемлекеттік сатып алуға өнім жеткізуге шоғырланған. Алайда, квазимемлекеттік сатып алу нарығында конъюктураның ауытқуы кезінде бұрын жасалған келісімшарттардың бағаларын міндетті түзету механизмі жасалмады. Сондықтан «Самұрық-Қазына» қорының еншілес және тәуелді ұйымдары тарапынан отандық машина жасау өнімдеріне сатып алу бағаларын қайта қарау туралы кәсіпорындардың өтініштеріне қаңтар айынан бастап жауап жоқ.

Сонымен қатар, 50-56% байқалған ауытқулар барлық ықтимал кәсіпкерлік тәуекелдер мен кәсіпорындардың беріктігіне ықпал етеді. Және мемлекет пен машина жасау өнімдерін тұтынушылар тарапынан қолдау болмаған жағдайда салалардың өндірісін тоқтатуға дейін жетуі мүмкін. Ал машина жасау өндірістік экономиканың техникалық және технологиялық дамуын, кадрлардың біліктілік деңгейін және сабақтас өндірістердің дамуын шоғырландыратын және шешуші дәрежеде айқындайтын өңдеуші өнеркәсіптің маңызды саласы болып табылады.

Жағдайдың күрделілігін ескере отырып, «Ақ жол» фракциясы Үкіметтен қалыптасқан жағдайдан шығу, оның ішінде «Самұрық-Қазына» қорының және басқа да квазимемлекеттік кәсіпорындардың баға саясатын түзету, сондай-ақ отандық бизнесті қолдаудың басқа да тікелей және жанама шаралары арқылы шығу үшін қажетті қадамдар іздестіруді сұрайды. Егер бүгінгі күні өзіміздің жабдық жасау өндірісімізге қолдау көрсетпесек, онда бір жылдан кейін шетелдік өндірушілерден дәл осындай жабдықты мүлдем басқа қымбат бағамен сатып алуға тура келеді.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**

№15 (937) 12.04.2021 jyl
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ МӘСЕЛЕСІ СЕНАТТА ТАЛҚЫҒА ТҮСТІ

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚҰНЫ – 0 (НӨЛ) ЕКЕНІ ӘШКЕРЕ БОЛДЫ



### ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ ҚОЛҒА АЛЫНА БАСТАДЫ

ҚР Парламенті Сенатында «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған Парламенттік тыңдау өтті.

Парламенттік тыңдауды Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев алғысөзбен ашты.

Негізгі баяндаманы сенатор Бақытжан Жұмағұлов жасады.

Ана тілі туралы заң қабылдау керектігі Сенат қабырғасында да айтыла бастады.

Ұлттық тәрбие жайлы белгілі ел ағасы Өмірзақ Озғанбаев баяндады.

Қазақ тілі туралы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директоры Анар Фазылжанова, Жоғары білім жөнінде Рахман Алшанов баяндады.

Мемлекеттік тіл, жер және әдеби-мәдени, руханият туралы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ulugbek Yesdaulet маңызды баяндама жасады.

Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдамаса, тіліміздің дамымайтынын атап өтті Ұлықбек Есдәулет.

Одан соң Қазақстан Халқы Ассамблеясы төрағасы орынбасары Майя Бекбаева, ұлттық тарихымыз жөнінде Дархан Қыдырәлі баяндама жасады.

Талқылауда алғашқы болып белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов сөйледі. Одан соң вице-премьер Ералы Тоғжанов өз ойын білдірді. Рауан Кенжеханұлы интернет жүйесіндегі қазақ тілінің рөліне тоқталды.

### МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚҰНЫ -0 (НӨЛ) ЕКЕНІ ЕНДІ СЕНАТТА ӘШКЕРЕ БОЛДЫ

Ал Элина Паули мемлекеттік қызметке тест тапсырарда оған: «Қазақ тілінен еш қорықпаңыз, бәрібір қандай жауап берсеңіз де, нөл қоямыз» – дегенін естіп қатты наразы болғанын жеткізді. Көрдіңіз бе, Мемлекеттік қызмет агенттігінде мемлекеттік тіл бағаланбайды. Бұл туралы «Қазақ үні» газеті үш жыл бұрын «Қазақ тілі – 0 (нөл)» деген тіл күрескері Жасұлан Исаның мақаласын жариялаған болатын.

Енді міне, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚҰНЫ -0 (НӨЛ) екені Сенатта әшкере болды. Қазақ айтса, тыңдағысы келмейтін біздің билікке мұндай масқараныи өзге ұлт өкілі айтып берді.

Негізгі тақырыптар – Тәуелсіздік, мемлекеттік тілдің басымдығын қамтамасыз ету, жер тұтастығы, қандастарды елдің солтүстігіне көшіру, мемлекеттік және квазимемлекеттік органдарда мектепке дейінгі білім мекемелерінде мемлекеттік тілді толық қолдану және тб ұлттық мүддені қорғау шаралары.

Шынайы деректерге құрылған көп томдық қазақ тарихын жазу және ұлттық мүдде тұрғысынан «Қазақстан тарихын» қайта жазу мәселесі көтерілуде.

Яғни, Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың қоғамды жаңғырту және Қазақ тілін ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдыру бастамалары қарқын ала бастады деуге болады.

«Ақ жол» партиясы көтеріп жүрген ұлттық мүддені қорғау мәселелері, Мемлекеттік Тіл туралы заң қабылдау, Жер тұтастығы, Ұлы көшті жаңғырту, ұлттық тарихымызды қайта жазу, т.б құндылықтар енді Сенатта да жалғасын тауып жатқанын қуана қолдаймыз.

Өйткені, Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев атап айтқандай, «Ұлттық құндылықтар ұлықталмай, жаңғыру мүмкін емес».

# БІР ТІЛДЕ СӨЙЛЕМЕГЕН ҚОҒАМДА БІРЛІК БОЛМАЙДЫ

**ҚР Парламенті Сенатында «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» атты тақырыпта өткен Парламенттік тыңдауда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Ұлықбек Есдәулет баяндама жасап, мемлекеттік тіл, ұлттық құндылық мәселелерін көтерді.**



### ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕГЕН ТЕРЕҢ СӨЗ

Біз «тәуелсіз азаматпыз, тәуелсіз елміз» деп күпсінгенмен осы сөздің түпсіз терең мәніне жете бойлай алдық па? Осы тәуелсіздікті аңсай, сағына жүріп арпалысып өткен ғасырларда қазақты ұлт ретінде сақтап қалған, қандай күш? Ол – әрине, бүгін ұлттық құндылықтарымыз деп атап жүрген тіліміз бен діліміз, жеріміз, елдік қасиеттеріміз, салт-сана, әдет-ғұрпымыз, әдебиетіміз бен мәдениетіміз! Отаршылдар жүздеген жылдар бойы тарихымызды өшіргенмен тарихи санамызды өшіре алған жоқ.

Біз бодандық жүйеден құтылғанымызбен күні бүгінге дейін отарсыздандыру саясаты жүргізілмеген ел бола тұрсақ та, өзін өзі сәйкестендіру (самоидентификация) арқылы дербес ұлт, іргелі халық екенімізді дәлелдеуге тырысып келе жатқан жұртпыз.

Президент Қ.К.Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Егемендігіміздің мәңгілік үштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз»,-деді.

Міне, бұл үшеуі – жеріміздің тұтастығы, тіліміздің мәртебесі, еліміздің бірлігі – біздің ұлтымыздің бүгіні мен болашағы. Біздің үкілі үмітіміз де, салмақты сеніміміз де, барлық арман, мақсат, тілеуіміз де осы үшеуінің үстінде.

«Қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды», – деді мемлекет басшысы осы мақаласында. Бұл – өзін осы жердің перзентімін, осы елдің патриотымын деп есептейтін әрбір азаматтың құлағына да, көңіліне де майдай жағатын сөз. Біз ендеше осы сөздің іс жүзінде заңмен бекуін асыға күтеміз.

Ардақты Парламент мүшелері, біз сіздердің осы бір аса қастерлі шаруаны асқан жауапкершілікпен тезірек тиянақтап шығуларыңызға тілектестікпен сенім артамыз.

Біздің тағы бір үміттенеріміз – осыған дейін латифундистердің шеңгеліне түсіп кеткен жерлердің мемлекет пен халық игілігіне қайтарылуы. Сондай-ақ, ауылшаруашылық жерлермен қатар өндірістік маңызы, пайдалы қазбалары бар және табиғаты әсем, туризмге қолайлы жерлер де шетелдіктерге сатылмайтын, жалға берілмейтін категорияға енгізілсе дейміз. «Жер туралы» Кодекстің халықтың көңілін күпті етіп отырған шет елдіктерге жерді сату және жалға беру туралы 24-бабын түбегейлі қайта қарау немесе алып тастау керектігіне мән берген жөн.

### ТІЛДІҢ ЗАҢЫН ОЙДАҒЫДАЙ ТҮЗЕМЕЙ ЖАТЫП, ТІЛДІҢ ҚАМЫН ЖЕУ – БОС ӘУРЕШІЛІК

«Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады», – дейді Президент аталмыш мақаласында.

Осы жерде менің есіме бір оқиға түседі. Сонау бір жылы Түркі халықтарының дүниежүзілік құрылтайы кезінде Түркияның Мәдениет министрі Намық Кемал Зейбекпен дидарласып, сұхбаттасудың сәті түсті. Ол кісі қазақша сәлемдескен соң, «Сіз қазақша білесіз бе?» деп сұрап едім: «Мен қазақ тілін Қазақстанның кейбір министрлерінен жақсы білемін» деп естен кетпес жауап берген еді. Одан бері жиырма жылдан астам уақыт өтті. Үкіметіміз неше рет ауысты. Ал біздің кейбір министрлердің, көпетеген мемлекеттік мекемелер басшыларының қазақшасы әлі сол шалапұшық күйінде.

Сонда Президент айтып-жазып отырған мемлекеттік тілді білудің парызы мен міндетінің мемлекеттік қызметкерлерге, лауазымды, шенді-шекпенділерге қатысы болмағаны ма?

Біз қазір құқыққа негізделген, зайырлы, ашық қоғам құруға талпынып жатырмыз. Ашық қоғам болғандықтан, жаһанданудан тыс қала алмайтынымыз ақиқат. Бізде келе жатқан жаһанданууды төніп қалған апат ретінде көзге елестету, үрейлену басым. Өйткені, жаһанданудың не екенін бізге бажайлап түсіндіріп беріп жатқан не бір саясаткеріміз, не бір философымыз жоқ екен. Әрине, бұл – ұлттық көзқарас тұрғысынан алғанда, 30 жылдан бері тәуелсіз ел болдық, өз дербес мемлекетімізді орнаттық деген кезде, бұрынғы бодандықтан аузы әбден күйген біздер үшін қайтадан әлдебір бүкіләлемдік «көгенге» кіру секілді сезілетіні рас. «Пешке құйрығы бір күйіп қалған мысық енді қайтып ыстық пешке отырмайды. Тіпті суық пешке де...» деген афоризм бар еді ғой. Сондықтан, «аузы күйген үріп ішеді». Дей тұрсақ та, өркениетке бет түзеген қазақ пен Қазақстанның болашағы ендігі жерде әлемдік дамудан тыс қала алмас.

Ал мәдениетті, ұлттық құндылықтарды қорғау деген – есік-терезеңді бекітіп алып, тас бүркеніп отыру емес.

Өздеріңізге білгілі, біз қазір 4-индустриялық революция дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Колумбия және Гарвард университеттерінің атақты профессоры, Даниел Белл «Американдық модель: келешекке кереғарлық» деген кітабында болашақта әлемдік өндірісте және ақпараттық білім алмасу саласында компьютерлер мен телекоммуникациялар билік құратын заман келеді, оның аты «постиндустриалды қоғам» деп аталады деп

жазған екен. Ол бұл қоғамның 11 жаңа өлшемін санамалап берген. Оның ішінде теориялық білімді орталықтандыру, жаңа интеллектуалдық технология жасақтау, еңбек сипатын өзгерту, білім өндірушілер табының қалыптасуы, тауар өндірісінен қызметшілік өндірісіне көшу, жаңа деңгейдегі ғылым, ақпарат экономикасы, ситостар мен меритократия деп кете береді. Бұл – жаһандануға барар жол, соның формуласы.

Қарап отырсаңыз, бұндай технологиялық қоғамда біз айтып отырған ұлттық құндылықтарға ешқандай орын жоқ...

«Бидайдың барар жері – диірмен» деген... Міне, біз осы диірменнен аман қалғымыз келсе, өзіміздің ішкі рухани ресурстарымызға, ең алдымен ұлттық құндылықтарымызға жүгінуіміз керек. Сондықтан біздің мемлекеттік идеологиямыз ұлттық мұрат тұрғысынан қалыптасуы тиіс. Бұл орайда қазір Президентіміздің тарапынан аса маңызды, қажетті шаралар қолға алына бастағанын атап айтқан жөн. Дегенмен, бұл мәселеде Сіздер мен біздер мемлекет басшысына көмекке келуіміз керек.

Біздің қоғамда көп жағдайда мемлекеттіліктің деген түсінік өте кемшін. Мәселен, Қаржы министрлігі ұлттық дүниеге қатысты іс-шараларға, ауқымды жобаларға қаржы бөлу мәселесіне келгенде салғырттық танытады немесе үрке қарайды. Көптеген жобалар әлеуметтік эффектісі жоқ деген желеумен кесіліп, қырқылып отыратына да өзіміз куәміз. Руханиятқа, әдебиет пен мәдениетке, ұлттық құндылықтарды сақтауға бөлінген қаржы бірден нәтиже бермейтіні белгілі. Ол уақыттың еншісінде жылдар бойы айналымға түсетін, уақыт өте келе жемісін беретін дүние. Осы тұста Парламент тарапынан әдебиет пен мәдениетке, рухани салаларға бөлінетін қаржыға оң бақылау жасалса деген ниетімізді баса айтқым келеді.

Жасыратыны жоқ, Тіл тағдырын шешетін заңнамалардың ең негізгілері әлі дұбара күйінде. Тілге қатысты комитет пен институт және орталықтар дайындап ұсынған әжептәуір қаулы-қарарлардың жобалары бесіктен белі шықпай жатып күзеу-түзеуге ұшырайды. Өйткені, мемлекеттік тілдің мүддесіне бағытталған ол құжаттарды сараптау пен сүзгіден өткізіп, тұжырымдама беретін жауапты орындарда қазақ тілінен мақұрым, немесе тілі шорқақ шененуніктер отыр. Сондықтан да, олар мұндай құжат жобаларындағы кейінірек өздеріне және өздеріндей мемлекеттік тілді өгей көретіндерге тиімсіз, ұнамсыз тұстарын өзгертуге мәжбүр ететін тұжырымдама беруге тырысады. Соның кеселінен қаулы-қарарлардағы мемлекеттік тілдің бағын ашатын баптар жол-жөнекей өзгертіліп, немесе қырқылып қалып жатады. Бұл мәселеде үнемі, әлгі, «Тау толғатып тышқан тапты» дегеннің кері келеді де шығады.

Қазіргі «Тіл туралы» заң да, қаулылар да, бағдарламалар да осындай қияметтің қылкөпірінен өткен құжаттардың шалажансар нұсқалары десем, сізге – өтірік, маған – шын. Туған тіліміздің өгізі өліп, арбасы сына беретіні осыдан. Тілдің заңын ойдағыдай түземей жатып, тілдің қамын жеу – бос әурешілік.

Тілге бөлініп жатқан қыруар қаржының орасан бөлігі Қазақстанда тұратын көптеген этникалық топтар мен ұлыстардың тілдерін дамытуға, олардың жексенбілік мектептерінің мүддесін көздеуге жұмсалуда. Жалпы, менің ұғымымда, бір тілде сөйлемеген қоғамда бірлік болмайды, бірлік болса да баянды, берік боларына кепілдік жоқ. Келешекте біз Қазақстанның тұрақтылығын сақтауға күш салған кезде, азаматтардың мемлекеттік тілде түсінісуіне, қызмет істеуіне жол ашуға ұмтылғанымыз жөн болар еді деймін. Қазірдің өзінде қоғамда екі тілге бөліну нышаны көрініс беріп отыр.

Өз Отаны бар басқа тілдер мемлекет қамқорлығына дәл қазақ тіліндей зәру емес. Сондықтан, Тіл заңын қайта қолға ала отырып, ерте-кеш деместен туған республикамызды жуық жылдарда тұтастай мемлекеттік тілге көшірмесек, келешектегі ішкі тұрақтылымызға сенімді бола алмаймыз ба деп қауіп етемін.

Өйткені, бізді іштен ірітуге мүдделі сыртқы күштердің ықпалызғары қазірдің өзінде сезіліп отырған жоқ па?

Кейбіреуіміз қазақ екенімізді Наурызда ғана еске түсіретін дәрежеге жеттік.

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ – КЕЗЕК КҮТПЕЙТІН КӨКЕЙКЕСТІ ІС**

Біздің қазіргі қоғамның алдында шекаралық аймақтарды дамыту, халықты кедейшіліктен құтқару, жұмыссыздықты жою, ақпараттық экспансиямен күрес, сыртқы күштерге сүйенетін казачество сияқты әскери құрылымдарды ауыздықтау, т.б. күрделі мәселелермен қатар ұлттық құндылықтарды сақтау мен қорғау дейтін кезек күтпейтін көкейкесті, өзекті істер шешімін күтіп тұр. Олардың ішінде ел мен жер, тіл мәселесінің орны бөлек.

Құрметті халық қалаулылары, бұл жерде сіздерге артылар жүк, түсер салмақ аз емес. «Күшің барда істеп қал, Тісің барда тістеп қал» деген мақал бар екен. Біз тістеп қалмайық, істеп қалайық!

Сенатор Бақытжан Жұмағұловтың баяндамасында айтылғандай, биылғы «Балалар мен жасөспірімдер кітабын қолдау жылы» рухани байлықтың төрге шығуына биік баспалдақ болсын. Бұл жыл Абай атамыз өсиет етіп, қазіргі күнде мемлекетіміздің даму концепциясына айналған «толық адам» ілімінің айшықты қадамы болуы тиіс деп есептеймін.

Рас, балаларға кітап жетіспейді. Сондықтан балалар әдебиетін дамытуға арналған арнайы, жеке мемлекеттік бағдарлама қабылдануы керек. Бұл мәселеде біз де қолдан келгенше көмектесуге әзірміз.

Мәдениетсіз адам болуы мүмкін, бірақ адамсыз мәдениет болмайды. «Кітапханасы бар елдің мәдениеті ешқашан да құрымайды» деген академик Дм.Лихачев. «Өз мәдениеиеті мен тарихын, салт-дәстүрлері мен ұлттық қаһармандарын ұмытқан ел түбінде құриды» деген Лев Толстой.

Біз жасампаздық жағына ұмтылайық. Ұлтымыздың рухани қазына-байлықтарын, ұлттық құндылықтарымызды көзіміздің қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа аманаттайық.

Келе жатқан Тәуелсіздік мерекесінің 30 жылдығын лайықты қарсы алайық!



# БІЛІМ ВИЦЕ-МИНИСТРІ БІЛМЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ КІМГЕ КЕРЕК?!.

**Бұның алдындағы «Кәсіптік білім – нәсіптік мамандық» атты мақаламызда айтылғандай, жақында, Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік – мәдени комитетінің «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытудың өзекті мәселелері: білім беру процесін жаңарту және колледждерді материалдық-техникалық жарақтандыру» атты кеңейтілген тақырыптық отырысы өтті.**

Әлеуметтік – мәдени комитет төрайымы Жәмилә Нұрманбетова жүргізген комитет отырысына Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева және бейнеконференция байланысы арқылы Білім және ғылым, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау вице-министрлері, облыстар және республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің орынбасарлары, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасының орынбасары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Негізі тақырып өте маңызды. Әсіресе, өндірістік салада жас мамандар дайындау тұрғысында келелі кеңес болды. Отырысқа қатысушы Мәжіліс депутаттары, облыс әкімі орынбасарлары, колледж басшылары да осындай тақырыптарда өз ойларын, құнды пікірлерін ортаға салды.

Осындай мәні зор, мәмілелі жиынның бас баяндамашысы Білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Асылова болды.

Білім вице-министрі Мәжіліс депутаттары Жұлдыз Сүлейменова, Елнұр Бейсенбаевтың мемлекеттік тілде қойған сұрақтарына орыс тілінде жауап берді. Ал менің және Берік Әбдіғалиұлының тікелей вице-министрге қойған сұрағымызға департамент директорының орынбасары жауап беруге тура келді. Бір таңқаларлығы, вице-министр бейне бір Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толған Қазақстанның астанасында емес, Ресей губерниясында отырғандай, еш қысылмастан, кешірім не рұқсат сұрамай-ақ емін-еркін жауап беріп отырды. Вице-министрдің қылығына қарасаңыз, мемлекеттік тілін аттап өтіп, шет елдің мемлекеттік тілінде сөйлеу барынша заңды секілді...

– Вице-министр ханым, Сізге менің екі сұрағым бар.

Бірінші. Қазір көптеген колледждер жеке басқаруға өтіп жатыр, ол – сенімгерлік басқару. Осы уақытқа дейін 10 колледж сенімді басқару арқылы жеке кәсіпорындарға өтіпті, тағы 27-сі дайын тұр екен. Осы колледжерде, сенімгерлік басқару арқылы жекелерге өткенде біліктілік талабы қалай қадағаланады? Бұл бірінші сұрақ.

Екінші. Жаңа менің алдымда сөйлеген депутаттар да айтты, колледжегі оқытушылардың 30 пайызы ғана жоғары білімді. Бұл колледжде оқыған мамандардың әлсіз болуына басты себеп болады.

Өздеріңіз де ең басты проблеманың бірі ретінде колледждердің тартымдылығы жоқ деп жатырсыздар. Ең бастысы – оқытушылар құрамын жақсарту керек. Бізге түскен шағым бойынша сіздерде қазір, мысалы, магистрге, одан кейін категориясы бар оқытушыларға қосымша жалақы төленбейді. Олардың жалақысы техникалық қызметкерлермен бірдей. Сондықтан ол жерде жоғары оқытушылар құрамын жақсарту керек секілді. Бұл бағытта не істеп жатырсыздар?

Үшінші. Бұл сұрақ емес, талап. Сіз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарының мемлекеттік тілде қойған сұрағына өзге тілде жауап беріп жатырсыз. Бұны қалай түсінуге болады? Басқаларға қайтесіз сонда? Министрініз қазақ тілін қолдап жүр, ал сіздер керісінше жұмыс істейсіздер. Сондықтан маған мемлекеттік тілде жауап беруіңізді талап етемін. Рақмет.

Менің бұл тікелей өзіне мемлекеттік тілде қойған сұрағыма вице-министр тағы да өзге тілде: «Джамиля Нусупжановна, ответит Департамент профтехобразования, заместитель директора Ернат Гапуович» – деп жалтарып кетті.

Осы жерде тағы да еске түсіп отыр, былтыр 2020 жылы 6 сәуірде «Қазақ үні» ұлттық порталында «БАС САНИТАРДЫҢ РЕСЕЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЗІН МИНИСТР АУДАРЫП БЕРЕ МЕ?» атты мақалам жарияланған еді. Байқаймын, Білім вице-министрі оны оқи қоймаған секілді, сондықтан онда айтқандарымды енді өзіне қарата қысқаша келтіре кетейін:

1.Қазақстанның Білім вице-министріне Мемлекеттік тілді, яғни Конституция мен Тіл туралы заңды аттап-таптап өтуге кім рұқсат берді?!.

2.Қазақстанға 30 жылдың ішінде көшіп келген, бүгінде 2 миллионға жуықтап қалған қандастарымыздың және Тәуелсіздік алғалы 30 жылда қалыптасқандай, орыс тілін білуді қажет санамайтын ауылдағы қазақтарды қосқанда, 10 миллионнан аса азаматтарды айтпағанда, бүгінде жалпы 78 пайыздан асатын қазақтардың мемлекеттік тілдегі ақпарат алу құқын шектеуге кім рұқсат берді?

3.Егер Білім вице-министрі МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛМЕСЕ, ВИЦЕ-МИНИСТР ЕТІП ОНЫ КІМ ТАҒАЙЫНДАДЫ?

Вице-министрді жауапты лауазымды мемлекеттік қызметке қойып отырғанда одан Мемлекеттік тілді білу Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, Мемлекеттік қызмет агенттігінде және Білім және ғылым министрлігінде талап етілмеген бе? Жоқ мұндай талап біздің Тәуелсіз Қазақстанда 30 жылдан бері әлі жоқ па?!.

4.Ендеше, Мемлекеттік тілді білуге сауаты жетпейтіндерді тек Ресей тілін білсе, жеткілікті деп санап, қызметке ала беретін болса, вице-министр етіп, осындай қалың елдің жауапкершілігі мен білімін жүктеген лауазымды қызметке қойған басшылар барлық жерде оның сөзін Мемлекеттік тілге аударып беріп отырсын.

Иә, өткенде «Ақ жол» партиясының фракциясы Парламент Мәжілісінде Үкімет басшысына «Мемлекеттік тілдің мәртебесін жеке дара анықтайтын уақыт жетті» атты депутаттық сауал жолдаған себебі, дәл осындай заң бұзушылықтар біздің мемлекеттік органдардың бәрінде дерлік әдеттегідей жағдайға айналған. Кез келген жерде биліктің біздің алдымызға тосатын «Мемлекеттік органдарының іс-қағаздарының 93 пайызы мемлекеттік тілде жүреді» деген жаттанды жауабына осы вице-министрдің де, кешегі бас санитардың да, күнделікті мемлекеттік органдағы мемлекеттік тілде сауаты жоқ басшылардың да, басқаларының да аудармашылар аударып берген іс қағаздары кіреді. Сонда ол 93 пайыз іс қағаздары іс жүзінде пайдалы ма, зиян ба?!.

Иә, мемлекет мүддесін қорғап жүрген кез келген ел патриотының көкейінде «БІЛІМ ВИЦЕ-МИНИСТРІ БІЛМЕЙТІН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ КІМГЕ КЕРЕК?!. – деген сұрақ тұратыны анық.

Отыз жыл бойы ойлы адамды мазалап келе жатқан бұл басты сұрақтан біз қашан құтыламыз?!.

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты**

# БАР ҚАЗАҚҚА

**Мағира ҚОЖАХМЕТОВА, жазушы**

### «АР-НАМЫСЫМ ҚОЛТЫҚТА...»

1906 жылдың қараша айында Қостанай өңірінің «Мезгіл» деген қайыңды бақтың бауырында Хакімжан мен Төлегеннің отбасында Едірес, Ахметжан дейтін ұлдарынан кейін айды аспанға шығарып, асыға күткен қыздары дүниеге келді. Жерге шыр етіп түскенде, әкесінің жаңға өлшеген жақсы айғыры мерт болды. «Қызым құнын алып туды» деді әкесі. Өзінен кіші Мәрзия сіңлісі төрт жасында қайтыс болды. Екі аға және Мұхамеджан, Жақия есімді інілерінің ортасында Мәриям бұландап өсті. Алғашқы ұстазы Сұлтанғазы Ахметовтен жеті жасынан сауатын ашып, бабасы Ыбырай Алтынсарин негізін салған «орысша, қазақша оқытатын ауылнайлық школа» деп атайтын мектепте оқыды. Он бес жасында Тобыл өзені бойындағы Ботпаншық өткелінің Нысанбай ауылына келін боп түсті. Күндіз беташар айтып, әң шырқаған бозбаланың келесі таңға жетпей тырысқақтан шыңғырып құлағанын киіз үй босағасынан сығалай қарап, тұлабойы түршікген. Жолдасы Сыздық күйші, домбырашы, сері жігіт еді. Зәкәрия есімді ұл сүйгенімен қуаныштары ұзаққа созылмады. Алдымен ұлы, көп ұзамай Сыздық та өмірден озды. Жиырма жастан енді ғана асқанда жесір қалды.

1929 жылы Алматыға оны бүкіл ел боп шығарып салды. Қарт ата-ана, абысын, бала-шаға қимай қоштасып, үй-ішіндегілер Мәриямның қолдарының қибалшыққа сұлбасын түсіріп-қатырып, сандыққа салып қойды. «Сені сағынғанда, саусақтарыңның ізін ұстап, мауқымызды басамыз» деді. Осы жылы алғашқы өлеңі «Әйел теңдігі» журналында жарияланды. Ликбезде оқып, Абай атындағы қазақтың педагогикалық институты жанындағы жұмысшы факультетіне түсті. 1933 жылы әйелдер журналына жауапты хатшы боп орналасты. 1934 жылы КСРО Жазушылар одағына мүше боп қабылданды. Мәсква қаласында өткен жазушылардың І съезіне делегат боп қатысты. 1935 жылы «Жеңешем өлеңдері» кітабы жарық көрді. Мұның бәрі қазақтың классик жазушысы Бейімбет Майлиннің тікелей ықпал етуімен жүзеге асып жатты.

Бұл кезеңде жеке басының тағдыры да мамыражай қалыптасып, Серғали Бермұхамедов сынды музыкалық сан алуан аспаптардың құлағында ойнайтын шебер орындаушы, заң орындарындағы қызметі мен сал, серілік қасиетін қатар ұстаған жігіттің сұлтанымен тұрмыс құрған еді. «Жиырма бір жасымда өлідей, отыз бір жасымда тірілей жесір қалдым, екі рет күйеуге шыққанымда, он жыл да бірге тұрмаппын» дейтін. 1937 жылы Серғали «халық жауы» боп ұсталып кетті. Содан кейінгі өмірі өксумен өтті, тұрмыстың тауқыметін тартты, бірақ қалайда намысқа тырысып, ароджанын әрқашан биік ұстады. Ақыны, ғалымы, революционері, қайраткері бар, сөз салып, сезімдерін білдірген бір де біреуінің етегінен ұстамады. – Неғып бос жүре бергенсіз, әлгілердің біреуіне шықсаңыз, бала-шағаңыз да, өзіңіз де еш қиындық көрмес едіңіз ғой, – деп қалжыңдайтынбыз. – Сіздің осы аппақ адалдығыңыз кімге қажет екен, – деп және қойып қалатынбыз. Біздің пендешілік ойымызға о кісі асқақтай, әрі мысқылдай жымия қарайтын еді. Мәриям апамның өнбойымнан өскен тазалық, әділдік, шуақтың аржағында анау-мынау баса көктей алмайтындай сұс, айбар жататын. Әр жылдары шыққан «Ана махаббаты», «Жыр асуы», «Бөбегім менің – өлеңім менің», «Ана көктемі», «Гүл туралы аңыз», «Намыс», «Өткелдер» және басқа да жыр жинақтарын қалың оқырман жылы қабылдап, ақын ретінде ғана емес, халық ауыз әдебиетін жинап-зерттеуші, атақты Мұрын жырау, Жамбыл, Омар Шипин, Нұрпейіс Байғанин, Абдолла Жұмағалиев, Мұқан Төлебаев, Тайыр Жароков және басқа да тұлғалар туралы жазған аса құнды естелік, мақалаларымен тарихтан өз орнын ойып алды. Бүгінгі таңда Мәриям Хакімжанова есімі тұтастай ұғымға, ұлттық мақтанышқа айналды.

### «ЕРКІНДІККЕ ЖЕТПЕДІМ»

«Білемін бұлбұл сайрамас. Жоғалса үні көмейден... Санасыз алдын ойламас. Артықпын елден демеймін. Көкірегім кең, қол қысқа, қанатымды қалай сермейін? Еркін шырқап кетпедім, Еркіндікке бір жетпедім», – деп 1953 жылы жазған шумағынан ақынның бүкіл трагедиялық



болмысын айқын аңғарасың. Мәриям іштей тұншығып-булығып өткен ақын. Өз замандастарындай партияны, мавзолейді, көсемдерді, жұмысшы табын жырлауға мәжбүр болды. Бұл мезгілде жазылған мына екі өлеңіне назар аударайықшы:

***Даныштаным Сталин***

*Нақ бүгін сайрамаған тілді қайтем,*
*Нақ бүгін төгілмеген жырды қайтем.*
*Нақ бүгін шалқымаған ой-қиялмен,*
*Жарқырап нұр шашпаған күнді қайтем.*
*Айбаты арыстанға тартқан садақ,*
*Қыр мұрын, қырағы көз, сұңқар қабақ.*
*Адамның данышпанын көреміз,*
*Ұшқан құс, жүгірген аң, жүзген балық,*
*Бәрі де ынтығады құмарланып.*
*Көсемнің ардақты атын естігенде,*
*Таңдайды орны-орнында тұра қалып.*
*Таңданып таңырқайды тау қозғалып,*
*Төгілед алтын, күміс тасты жарып.*
*Қияда құр қалам ба дегендейін,*
*Тулайды түпсіз мұхит толқынданып.*
*Жапырағын сұлу ағаш қайда жарды,*
*Қызыл гүл, бәйшешектер тамырланды.*
*Жарқылдап жанды-жансыз жайраңдады,*
*Бәрінің жүрегінде жұлдыз жанды.*
*Бөленді қызыл нұрға әлем жүзі,*
*Балқытты шуғыласын күннің көзі.*
*Аралап ауыл үйдей ай мен күнді,*
*Көкке ұшты болат қанат ұл мен қызы.*
*Көк пен жер данышпанға басын иді,*
*Шын жүрек махаббатпен түгел сүйді.*
*Иосиф Виссарионович ұлы Сталин,*
*Мен-дағы Сізге арнап шерттім күйді...*

***Үкім шықты***

*Кенет сөйлеп радио қоя берді,*
*Ызғарлы үні жарғандай қара жерді.*
*Үкім шықты тыңдаңдар-тыңдаңдар деп,*
*Айдаһардай айбаттанып дүрілдеді.*
*Одан әрі тізімді оқып сақылдады,*
*Ел-жұрт бар деп, арсыз үн тартынбады.*
*Қазақтың боздақтарын қамап алып,*
*Қойға шапқан қасқырдай алқымдады.*
*Туған жылын, аттарын атап жатты,*
*Бірін-біріне қосқақтап, матап жатты.*
*Көзімде жас, кеудемді қайғы керіп,*
*Шабақталып, жүрегім, қанға батты...*
*Қайталап қақылдады сағат сайын,*
*Халықты қара түнек, басты уайым.*
*Жазаның ең ауырын атағанда,*
*Аспаннан сынып түсті күн мен айым...*
*Он жеті, қыршын жандар оққа ұшты,*
*Төгіліп ыстық қаны жерді құшты.*
*Не үшін өлгендерін білмей кетті,*
*Қайысып, қара жер де дір-дір етті?!*
*Көр де жоқ, кебін де жоқ қалды жайрап,*
*Басқа емес, өз Отаны оққа байлап.*
*Күн күрсініп, аспанда ай тұтылса,*
*Ойран болып тулады теңіз қайнап.*
*Мұз бүркеніп, қар жамылып таулар тұрды,*
*Ешбір адам ұқпады жұмбақ сырды.*
*Төре-қара деген жоқ топырлатып,*
*Қолға түскен боздақтың бәрін қырды.*
*Талай ару зарланып жесір қалды,*
*Шырылдатып қаңғыртты балаларды.*
*Ата-аналар аһ ұрып аңырап жатса,*
*Мал-мүлкін олжалап талап алды.*
*Соның бірі болдым да, қала бердім,*
*Өтірік емес, бәрін де көзбен көрдім.*
*Қайғының қара тонын арқау етіп,*
*О халқым! Өксіп жүріп өлең өрдім...*

Бұған әлдене алып-қосу қисынсыз, бәрі өз-өзінен түсінікті. Алайда жүректің екіге жарылуы мүмкін бе?

«Қайғы, шаттық, қайрат, күшің, жан, махаббат бір жүректе» екенін мойындағанымен, күнкөсемге сиыншалықты табынып, жер-көкте жоқ теңеуді аяусыз төксе, екінші жағынан «коммунистік партия қайда?» деп шарқ ұра «тыңдамаса қайтейін халық үнін, өлең бол да жата бер зар мен мұңым, келешектен табармын бір әділдік, жалынбаймын соларға – осы шыным, – деп бір-ақ қайырады. Шырқыраған шындықты шынжырлауға мәжбүр еткен заманның талабынан асып қайда барсын. Мәриямның ақындық қасиеті осы тұста қасіретке жалғасып, жалындаған от сезім сөніп, бықсыған шаладай өлеусіреген сипат иемденуге бейімделе береді.

Ішкі бұлқыныс, тебіреністің телегейтеңіз тасқынынан айдалаға жанұшыра қашып, «Ұлы октябрьдің Күндей қуатын, мәңгі өшпейтін партия, нұр төккен Ленин шамын» іздеп, тіпті «Көктегі күннің Кремльге ілулі» тұрғанына сенеді. Десек те, «Жүректі тас түскендей ауырлатып, жалынын жалт еткізіп алдың жұлып. Жан едім тулай толған толқын атып, алыстан орағытып салдың құрық. Суынып, біртебірте бара жатыр, өлгенше ұмытылмас тәтті қылық. Өмірдің еркесі едім еркін өскен, еркімше сөйлетпейсің ауызға ұрып күңірентіп күрсіндіред еріксізден, кеудеме толып алып өңшең балық» деп қоғамның қоршаған ортасының басына салған құрығын мойындамауға және лажы жоқ. Сірә, сондықтан да шығар ана, бала, бөбек тақырыбына ойысқанда, оның қанаттанып, шабыттанып, ерекше түлеп шыға келетіні. Еш жерде жарияланбағанымен, туған-туысқаны, бауырларының, асыл азаматтардың өшпес бейнесіне бағыштап жазған жоқтау жырларында да ақынның буырқанған күші еселене көрініс тауып, қарым-қабілетінің әлдеқайда терең екенін шым-шымдап байқатады.



*Әмина Мәметова, Мағира Қожахметова, Мәриям Хакімжанова, Сара Мыңжасарова, Атымтай Хакімжанов*

### «ҚАЛАР ДҮНИЕ ШУЫЛДАП»

Жиырмасыншы ғасырдың небір алып тұлғаларымен Мәриям Хакімжанова жақын араласып, дәмдес, сырлас болды. Жас кезінде күнделік жазғаны белгілі, бірақ сақталмаған. 1954 жылға дейінгі қағаз, хаттарын НКВД жойып жібергенін өкіністен айтқаны есімде. Ғұлама жазушы Мұхтар Әуезов сапарға шығарда Жазушылар одағында жұмыс істейтін Мәриямға «Менің атыма келген хат-хабарды өзің алып сақтап қой» деп тапсырады екен. Іссапардан оралған соң әлгі бума-бума хаттарды бөлмеге кіріп, ішінен есікті бекітіп, «Менің мұнда екенімді ешкімге айтпа» деп ұзақ уақыт отырып оқитын көрінеді. Содан соң оларды күлдей ұсақтап жыртып тастайтынын, біреу-міреуге зияным тиіп кетпесін, із қалдырмайын дегендей әрекетін Мәриям апа сондай бір өкінішпен жеткізетін. Лақтырылған сол

хаттармен қанша құнды мәлімет, деректің коса жоғалғаны бір Құдайға ғана белгілі болса керек.

Жиырма жылға жуық қатаң бақылауға алынған, қара тізімге іліккен М.Хакімжанова да артық-ауыз жазбаларды жүргізбеген. Шіркін, жастық шағындағы әлгі күнделіктері, Сәкен, Ілияс, Бейімбет ағаларға, тіпті, сол аласапыран уақытқа катысты қағаз бетіне түсірген пікірлері, алда-жалда бүгінгі күнге жеткенде, қандай көлгөсір байлыққа кенелер едік! Төмендегі мына сыр үзіктеріне назар аударайықшы.

1960 жылдың, марттың 7 күні Кемелова Әмина апайдың қызы Нәлжанның үйінде қонақта болдым. Жәңгірова Рабиға жолдасымен, Жамал Омарова, Хафиз Бақауов, Сәбит аға бәйбішесімен, Әбділда Тәжібаев Сарасымен, тағы басқалар болды. Хафиз «Шәйтан қара» деп аталатын өлеңді айтты. Жамал «Алтайды», «Ұстазым менің», «Настольная» әндерін айтты. Рабиға жолдасымен бірнеше халық әнін орындады. Сәбит ағамен Мәкен «Балуан Шолақ» әндерінен, халық әндерінен орындады. Әбділда өлең оқыды. Мен өлең оқыдым. Сондай бір жақсы өткен кешіміз болды.

1961 жылы, февральдің 3 күні. Күндіз Хамит Ерғалиев телефон соғып, кешкі сағат 6-ға қонаққа шақырды. – Баска кімдер болады деп сұрадым. –Болатындар өз ағаларымыз: Мұхтар аға, Сәбит аға,



# АНА ЕДІ...

■ ЛЕБІЗ

Біз ересейіп үлгірмеген кезде Сіз шашпауыңызды тепкен қол жетпейтін бұлт едіңіз. Ал, жігіт болғанымызда аспандағы айдан алыс, біз үшін, атақты ақын болдыңыз. Енді, міне, біз балаларға ата болғанда сіз бізге ардақты апа болып отырсыз, сөйтіп жеткізбейақ алға сермеп бара жатырсыз. Бізге бұл қатты ұнайды. Сіздің өмірбаяныңызбен танысқан сайын ғажайып таң қалатын, мақтан ететін қадір-қасиетіңізге табынам, қызығып та, қызғанып та қараймын.

**Ишанбай Қарағұлов,**
**Медицина ғылымдарының**
**докторы**

***

Мәриямның кішкене аласа үйінен дәм татпаған, шабыт алмаған, оған өзінің мархабатты анасындай көріп еркелемеген қазіргі орта буындағы ақын-жазушылар кем болар-ау. Осы Қуандықты, Ғафуды сол Мәриямның аласа үйі жыр ұясындай биікке ұшырған секілді болады да тұрады маған.

**Сырбай Мәуленов.**

***

Мәриям ақын поэзиясына қосқан үлесімен ғана емес, өзінің азаматтық адалдығы, еңбектігі табандылығы, анаға жарасар байсалды мінезімен де бүкіл қазақ қыздарына үлгі де, өнеге де бола алады.

**Қайнекей Жармағамбетов**

***

Қайғырдың – саспадың,
Қуандың таспадың,
Қызғана білмедің қызығын басқаның.
Шықпаса бүгінгі бастаған дастаның,
Күні ертең тағы да қайтадан бастадың.
Бал салған арадай түзеттің ұяңды,
Қай Ана өзіндей тәтті бал жия алады?!
Мен бүгін мақтаныш етемін, Мәкетай,
Ой тапқыш қалам мен күй тартқыш сиянды.

**Әбділда Тәжібаев.**



*Әбділдә Тәжібаев, Әбекеңнің жары Сара, Ғали Орманов, Мәриям Хакімжанова және Қасым*



Сапарғали ағалар. Бәйбішелерімен алтау, Сізбен жетеу, сол ғана, – деді.

Сағат алтыдан аса барсам қонақтар түгелдей келіп қалған екен. Бәрі де көңілді. Дастархан үсті бай. Не керектің бәрі бар. Үй іші сондай таза, қылау жоқ. Астан кейін Мұхтар аға домбыра тартып, Хамит ән шырқады. Хамиттің үні әрі күшті, әрі әдемі. Қандай ән болса да нақышына келтіріп орындайды. Одан кейін Сәбит аға Мәкенмен екеуі қосылып «Елім-ай», «Бір бала», «Ақ қайың», «Сәулем-ай» деген әндерді орындады. Мұхтар аға домбыраны сондай жақсы орындай отырды. Бір кезде Мұқан «Айнамкөзді» ойнап, оған Сәбит, Мәкен, Хамит үшеуі қосылды. Бұл күн Мұхтар ағамен ақырғы бас қосып, дастархандас болған күніміз еді...

Кіл өңкей жақсы-жайсаңның арасында тірлік кешкен М.Хакімжанова тағдыры да сол зиялы топқа ортақ қадір-қасиетпен өзектес өрбіді. Жас шамасы өзінен үлкен де, кіші де оған ана деп қарады. Ақындық қолтаңбасы да осы ардақты атқа лайық қалыптасты. Сексен тоғыз жыл жасап, біртұтас тарихқа айналды.

■ ЛЕБІЗ

Мәкең ол – өз халқының баласы да,
Мәкең ол – жастарымыздың анасы да,
Мәкең ол – ағалардың ағасы да,
Мәкең ол – даналардың данасы да!

**Сейітжан Омаров.**

***

Аналық жарқын мейірлі,
Маңғаз басып ырғалған.
Толқыған мырза пейілді,
Байқаймын сенің тұлғаңнан.

**Жақан Сыздықов.**

***

Қозғалмас сабырға ие келбетіңіз,
Өлеңмен жан-жүйемді тербеттіңіз.
Шаңына ере алмаған талайының,
Маңдайын қаншасының терлеттіңіз?

**Данабике Байқадамова.**

***

Ең әсем ана жайлы өлең сенсің,
Тастаған тарих өзі бір-ақ жазып.

**Ғафу Қайырбеков.**

***

Ол сөйлесе жүзіңді нұрландырып,
Жан дүниең қалады бір жаңғырып.
Жалғыз жұлдыз секілді ол таңда туған,
Мың жұлдыздың ішінде тұрған күліп.

**Сағи Жиенбаев.**

***

Лағыл жырды оқимыз да тыңдаймыз,
Қастерлейміз, қасиеттен құндаймыз.
Туған елдің тектен тегін айтпаған,
«Сирек келер деп өмірге мұндай қыз».

**Сейтен Сауытбеков.**

***

Ақынсың жүрегі от, жаны ізгі,
Аққудай асыл текті, пәк мінезді.
Кеудеңнің ашып асыл сыр сандығын,
Келесің жыр бағына бастап бізді.

**Бәтима Батырбекова.**

***

Әттең апа-ай, ақынсың ғой,
әкім болсаң егер де,
Қара қылды қақ бөлетін
әділ қазы жансың-ай.

**Кеңшілік Мырзабеков.**

***

Ақын апа, аңыз ғып атыңды әр күн,
Жасқаншақтап жаныңа жақын бардым.
Сырласыма айналдың, сол бір кеште,
Жүрегі жас екен ғой ақындардың.

**Қанипа Бұғыбаева.**

***

Қыздардың тұңғышысың,
Өршіл үнмен.
Дәуірдің мінбесіне көтерілген.
Таңдатып дара даусың өлеңімен,
Жаныңның сыр ақтарған тереңінен.

**Нүкеш Бәдіғұлов.**

## «ӨКІНБЕЙМІН ӨЛДІМ ДЕП»

Туған ұлтының тілегін жырлап өткен ақын «бар қазақтың көкірегіне кіріп, солардың жүрегінде жүретінін» біліп кетті. Бұған дәлел көп, соның бірі көзі тірісінде оған арналған өлең, жыр, игі тілектердің том-том боп жиналғаны. Іні, сіңлі әріптестерінің оған өлең, жыр арнамағаны кем де кем. Ал, жандары қысылып, әлденеге алаңдап мазасызданғанда, іздейтіні де Мәриям апам болатын. Мұңдарын шағып, сырын төккен хаттар, ақыл-кеңес сұрап соғылатын телефон қоңыраулары, әйтпесе арнайы іздеп келіп, өздерін қинаған түйткілдің шешімін сұрап, риза боп кететіндерін жақындары, балашағасы жақсы білетін. «Ешбір жанға «мазаладың» деп көрмеген адаммын, – дейді бір оқырман хатына жауабында, – Көптің бабын табам деген кісіге жақсы атақ та, тыныш өмір де, рахат тұрмыс та болмайтынына көзім әбден жетті».

# КАЗАХСТАН В ОПАСНОСТИ!

## НЕОБХОДИМО СТАТЬ 50-МИЛЛИОННОЙ НАЦИЕЙ!

*(Продолжение, начало в предыдущем номере)*



**2020 г. показал хрупкость не только человеческой жизни, но и будущего отдельных государств в условиях биологической, экономической, гибридной и другой войны. Появились многие доселе скрытые угрозы, о которых можно лишь догадываться.**
**На таком фоне мы продолжаем наш разговор с исследователем-писателем Торегали Казиевым с его демографическими исследованиями.**



### ЗА 5 ЛЕТ ВЫДАТЬ МИЛЛИОН УЧАСТКОВ ПОД ИЖС

**– Что делать конкретно? Какие ваши предложения?**

– Мои предложения и пожелания состоят из 7 пунктов.

1. В СМИ сообщалось, что во время зарубежного визита наш Елбасы спросил мэра ныне 24-миллионного Мехико: «...а как вы кормите своих жителей»? Мэр ответил: «Люди кормят себя сами! Мы лишь даем землю. Они строят себе дома, пристройки, заводят живность, сад, огород и мини-бизнес».

В этом отношении в РК многое делается по выдаче 10 соток земли под ИЖС, но периодически дело тормозится лоббистами банков, стройкомпаний и спекулянтов землей.

К примеру, i-News.kz от 28.01.2015 г. сообщал о поступлении в парламент предложения о поправках в Земельный кодекс – о лишении казахстанцев 10 соток под ИЖС. Я тогда написал статью «Крест на казахстанской мечте?» в газете «Қазақия» от 4.03.2015 г. В тот год были президентские выборы и авантюра лоббистов не прошла.

Но саботаж выдачи 10 соток наблюдается часто под предлогом отсутствия инфраструктуры (дорог, света, воды) и другими причинами. Лоббисты и их заказчики в выигрыше, тормозя инфраструктуру и выдачу 10 соток. Итог – люди попадают в кабалу, всю жизнь выплачивая ипотеку, а цена земли под ИЖС поднимается до небес и большинство не имеет возможности купить ее...

Если за 5 лет выдать миллион участков под ИЖС, развернется великая стройка с резким спросом на стройматериалы и услуги. В своих домах рост населения будет обеспечен. Пандемия показала, что нужно увеличить размеры участков до 30 соток – тогда семье можно иметь подсобное хозяйство и эффективный мини-бизнес.

2. Ситуация в северных областях РК повторяет ситуацию в Сибири и на Дальнем Востоке России. Население там сокращается так стремительно, что «при сохранении тенденций население Сибири с 17 млн может сократиться к 2050 г. до 10 млн, а Дальнего Востока с 8,2 млн до 4 млн». И даже «Магадан останется без населения через 57 лет, Чукотка через 66...» (из Интернета).

Российское правительство принимает меры, в частности, выдавая переезжающим туда по 1 гектару земли для застройки и хозяйства.

В нашей стране нужно поселяющимся в северные области по 10 гектаров на семью. Обеспечить производимый продукт северян бесперебойной реализацией в близлежащих городах и выход на экспорт. Наладить бесперебойное переселение с многонаселенного юга путем поощрения переезда целыми кланами и прочими крупными группами. Этот метод освоен южанами при приеме оралманов.

Ввести в жизнь легализацию частных капиталов путем расхода 15% их на строительство жилья и создания производств для переселенцев. Внедрить все возможные системные меры по скорейшему решению задачи. Если дать по 10 га 1 миллиону семей, вопрос решится быстро. Люди зацепятся и будут тащить к себе родственников.

### ВМЕСТО БЕЖЕНЦЕВ ПРИНИМАТЬ КАНДАСОВ

3. Увеличить пособия на детей, имеющая 5 детей мать выходит на пенсию независимо от возраста. У нее работа не кончается, даже когда станет бабушкой. Деликатно решить проблему кәрі қыз и кәрі жігіт.

4. Ежегодно принимать по 60-70 тысяч кандасов. До 2012 г. принимали и больше. Если не принимать кандасов, со временем ООН заставит принимать миллионы беженцев, генсек ООН уже предлагал малонаселенным странам такие инициативы как рекомендации. В связи с глобальными изменениями климата появляются еще и климатические беженцы, и рекомендации ООН могут стать обязательными.

5. Всем народом находить пути стать 50-миллионной страной. Власти, элите всех направлений: гуманитарной, экономической, технической, научной, особенно журналистам – от нашей пишущей братии многое зависит в веке гибридных войн. Или ты на стороне своего казахстанского народа и думаешь о его прошлом, настоящем и будущем дни и ночи. Или ты «сплетнестрадалец» и зарабатываешь на хлеб статьями, направленными против твоей страны... Третьего не дано. Этот материал пришлось подготовить после того, как пошли по СМИ всякого рода сообщения после трагедии в Жанатасе. Один эксперт договорился до того, что надо сократить и даже отменить пособия матерям на детей...

6. Выполнение любого дела зависит от того, насколько понимаешь смысл своей жизни. На заре независимости покойный ныне демограф Макаш Татимов много думал о судьбе родного народа и предлагал идеи, помогал своими предложениями формированию демографической политики молодого государства. Новые специалисты такого уровня, наверное, еще только подрастают.

7. Велика роль в восхождении нации к вершинам интеллектуалов-гуманитариев. Многие из них пытаются найти лучшие пути для своего народа и воплощают свои идеи на практике. На днях я разговаривал с известным поэтом, журналистом и общественным деятелем, главным редактором журнала «Адырна» Мейирханом Акдаулетом. Он выразился так, что «главная обязанность человека оставить после себя потомков. Если из десятерых два таланта вырастет – большая находка для развития твоей нации. Если больше – еще лучше»! На сегодня у него 7 детей, 14 внуков, 1 правнук. Пример для всей нации. Как можно быть десятилетиями в гуще идеологической схватки, начиная с Желтоксана 1986 г. и быть многодетным отцом.

**– Разве такими проблемами не должны заниматься чиновники?**

– Многие привыкли во всех недостатках винить власть. И, может, они в чем-то правы. Но надо понимать, что чиновники заняты текущими делами, которые назавтра отложить нельзя, как хлеб, вода, тепло, стройка, дорога, канализация, зарплата, занятость и т.д. Потому у них не остается времени на обдумывание многих жизненных стратегических проблем и... многие из проблем не решаются и даже о многих из них никто и не догадывается.

В древности были мыслители-абызы, показывавшие путь. Когда их не стало, светильник погас, и мы имеем ту историю, которую имеем. Потому мыслить нужно всем и в первую очередь тем, кто мог бы на деле стать абызом и говорить людям о смысле жизни. Пока же нередко в информационном пространстве господствуют мнения «сплетнестрадальцев», выступающих против ұлта, казахской истории, языка и даже против улучшения демографии.

### КАЗАХСТАН ДОЛЖЕН СОХРАНИТЬСЯ НА КАРТЕ

**– Что надо делать, чтобы Казахстан сохранился на карте?**

– Чтобы сохраниться на карте, у нас триединая цель:

1. Продолжать строить мощное государство.

2. Стать 50-миллионной нацией.

3. Добиться опережающего развития по решающим направлениям.

...Китайцы стали миллиардным народом благодаря пунктуальному ведению шежіре. Европейцы в XIX в. удивлялись, что «в каждой семье есть родословная книга с именами всех предков, порой за тысячу лет – их знали и помнили. Китаец всегда жаждал иметь как можно больше сыновей – столько, сколько зерен в плоде граната» (Из книг мудрецов, стр.17-18). А научили их вести шежіре наши предки еще до н.э. Помните, в эпосе престарелых родителей Кобыланды батыра не пускали на тои, пока у них не появились дети? Тогда оставление после себя потомков считалось первой обязанностью человека. Считали все, что ты в этом случае не зря появился на свет.

**– В России, где стремительно сокращается население, в том числе в Сибири и Дальнем Востоке, и у нас, где в северных областях происходит то же самое, не видно реальных шагов по решению проблемы! Может, нет для этого ресурсов и кадров, способных достигать положительных результатов?**

– Ресурсов у обеих нефтегазодобывающих стран достаточно. Если о кадрах, способных стратегически решить проблему с ростом населения, такие талантливые организаторы в народе всегда есть. Мы не беднее управленческими талантами, чем Иран, Вьетнам или Израиль.

Помню, в 1998 г. в Оренбургской области губернатором стал Чернышев Алексей Андреевич. Он сказал, что обеспечит ежегодный прирост регионального продукта на 10%, всеобщую занятость, большой прирост населения и благосостояния. И в 1999 г. выполнил обещание! Но центр в 2000 г. снизил количество оставляемых в регионе налогов с 66% до 29%, и область покатилась вниз. Если бы таким талантам-организаторам давали работать в полную силу, то сейчас в Сибири и Дальнем Востоке было бы более 50 млн населения, а в России более 200 млн.

У нас примерно такая же ситуация с кадрами. Представьте, приходит инициативный, умный организатор в правительство замом премьер-министра, министром или в область акимом и начинает бурно работать, т.е. во всю силу своих способностей. Это кому-то начинает не нравиться и его переводят куда-нибудь подальше, чтобы не видеть бурной результативной работы. Поэтому создается всеобщая имитация деятельности – это старая болезнь всех постсоветских государств, где нигде и никто не спрашивает за результат труда. От этого погиб СССР и эта тенденция продолжается.

Если хотим, чтобы страна наша сохранилась, нужно держать на управленческих должностях только тех, кто дает нужный стране результат. Во всех сферах: в политике, экономике, науке, образовании, культуре и в обороне. И обеспечить вертикальную и горизонтальную мобильность, чтобы любой талант из народа мог выбиться своим трудом на любую вершину. Только тогда страна может добиться опережающего развития и быть конкурентоспособной. Ибо от заласканных Боратов и Усеновых государства гибнут.

**– Что будет, если страна не сможет стать мощным государством, не выйдет на опережающее развитие и не станет 50-миллионной нацией?**

– Тогда исчезнет как государство, как этнос и по здешним просторам будут гулять совсем другие люди – история лентяев не прощает! Если же серьезно отнесемся к вызовам XXI века и хорошо потрудимся, то сохранимся как один из равноправных народов ООН.

Равноправие народов заключается в том, что Всевышний всем людям дал мозги, душу, волю и вдохнул частичку своего духа, чтобы человек жил полнокровно и счастливо. Если же ты лодырь и не хочешь трудиться своими мозгами, не напрягаешь душу, дух и волю во имя своих потомков, то никто в этом не будет виноват! Т.е. выбирай: или трудись сполна всем народом и будешь жить, или – будущего у тебя нет.

Сегодня человечество переживает невиданный цивилизационный кризис во всех сферах, когда лидеры ядерных государств обмениваются такими угрозами и действиями, что исчезновение малых стран с карты никто и не заметит. Поэтому выполнение триединой задачи должно стать общеказахстанской программой и безукоснительно исполняться. Как выше говорилось, всем народом нужно искать пути лучшего выполнения. Будем работать – победим! Т.е. сохранимся.

**– Торегали Абдуллаулы, большое спасибо за интересное интервью, за глубокий анализ и прогнозы!**

**Дастан ЕЛДЕС**

**В этом году 8 марта исполнилось бы 100 лет заслуженному учителю школ Казахстана, почётному гражданину г. Алматы Рафике Бекенкызы Нуртазиной.**



# ПЕДАГОГИ, КОТОРЫЕ РАЗВИВАЛИ КАЗАХСКИЕ ШКОЛЫ. ВСПОМИНАЕМ РАФИКУ НУРТАЗИНУ

Есть учителя по призванию. Они неравнодушны к своему делу, верны ему и служат всю жизнь на благо своей родины. Informburo.kz рассказывает, как в стране появилась первая казахская школа с углублённым изучением английского, какие усилия предпринимались, чтобы ученики, обучающиеся на казахском языке, имели достойное будущее, как создавались казахстанские учебники, выдержавшие множество переизданий.

В 1939 г. 18-летняя Рафика Нуртазина поступила в Казахский государственный университет им. С.М. Кирова, но в годы Великой Отечественной войны ей пришлось прервать обучение. Несколько лет она работала в средней школе учительницей немецкого и казахского языков и только в 1951 г. смогла завершить высшее образование, окончив филологический факультет Казахского женского педагогического института.

### РАФИКА БЕКЕНОВНА НУРТАЗИНА

Родилась 8 марта 1921 г. в небольшом прииртышском ауле №6 Павлодарского района Павлодарской области. Скончалась 1 апреля 2013 г. в Алматы.

Кандидат педагогических наук (Москва, 1974), автор около 350 научных и учебно-методических работ, в том числе 28 изданий учебников и учебных пособий по казахскому языку для детей и взрослых и 133 – по русскому языку для казахской школы.

Герой Социалистического Труда (1968), заслуженный учитель школ Казахстана (1966), отличник народного просвещения Казахской ССР (1956), почётный гражданин города Алматы (1994), лауреат Пушкинской премии (Москва, 2001), лауреат премии «Платиновый Тарлан» (2002).

Награждена орденом Ленина и золотой медалью «Серп и молот» (1968); двумя орденами «Знак Почёта» (1960, 1963); орденом «Құрмет» (2010); медалями «За доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941–1945», «За трудовую доблесть», «За доблестный труд. В ознаменование 100-летия со дня рождения В.И. Ленина», «Ветеран труда», медалью А.С. Пушкина (МАПРЯЛ, 2001); а также почётными грамотами президиума Верховного Совета СССР (1964, 1981), президиума Верховного Совета Казахской ССР (1966, 1981), Академии педагогических наук СССР и ЦК профсоюза работников просвещения (1982), Министерства просвещения СССР, Министерства образования КазССР, Ассамблеи народа Казахстана (1996).

Супруг Рафики Бекеновны – Сулейменов Дюсен Алибаевич (1914-2000) – участник Великой Отечественной войны (капитан, военветврач третьего ранга 269-го кавалерийского полка 106-й Казахской кавалерийской дивизии), главный ветеринарный врач Алматинского сельского района Тастак Алматинской области, врач ветеринарной станции Алматы, награждён орденом Отечественной войны II степени, орденом «Трудового Красного Знамени», орденом «Знак почёта», многими медалями. Рафика Нуртазина и Дюсен Сулейменов прожили красивую жизнь в любви и согласии, воспитав четырёх детей, внуков и правнуков.

### ПЕРВАЯ КАЗАХСКАЯ ШКОЛА С УГЛУБЛЁННЫМ ИЗУЧЕНИЕМ АНГЛИЙСКОГО

Становление и педагогическое творчество учителя-методиста и общественного деятеля Рафики Нуртазиной связаны с казахской средней школой №12 Алматы. Работая учителем, а затем в должности директора школы, она внесла огромный вклад в развитие этого учебного заведения, которое уже в 1972 г. **стало первой казахской школой с углублённым изучением английского языка.**

«Наша школа была создана как опытно-показательная, или, как тогда было принято называть, как школа-коммуна. Она ставила своей целью дать детям, собранным из разных аулов, возможность получить образование и воспитание, привить им трудовые навыки. Школа поначалу размещалась в здании женской гимназии, а 150 воспитанников проживали в деревянном приземистом здании. Работало в школе всего 12 учителей, и все обучали первоклассников, потому что в 1924 г. все воспитанники, независимо от возраста, были приняты в первый класс. Это первая страничка биографии школы, а дальше школа прошла в своём развитии все стадии: была начальной, семилетней, девятилетней, затем стала средней, а с 1972 г. стала первой казахской школой с углублённым изучением английского языка», – **писала об этом Рафика Бекеновна**.

Опыт работы педагогического коллектива школы и новаторство её директора – учителя-словесника Рафики Нуртазиной – высоко оценили правительство и педагогическая общественность. В 1984 г. школа была признана одной из лучших в Республике и награждена Почётной грамотой Верховного Совета КазССР, а в 1985 г. – бронзовой медалью ВДНХ СССР.

### ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ШКОЛЫ И СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД К ИХ РЕШЕНИЮ

В 1989-1990 гг. в составе Временного научно-исследовательского коллектива при казахском филиале НИИ содержания и методов обучения Академии педагогических наук СССР Рафика Нуртазина работала над **«Концепцией казахской общеобразовательной средней школы»**. Концепция создавалась в сложных условиях: уже ощущалась настоятельная потребность в кардинальном изменении казахской школы.

И это нашло отражение в чётких формулировках Концепции: «Предлагаемая концепция, оставаясь открытой для внесения необходимых корректив, призвана активизировать **общественный интерес к проблемам казахской школы**, вскрыть причины деформации школы».

Среди проблем кризиса казахской средней школы того периода (игнорирование бесценных образцов народной педагогики и богатейшей литературы тюркоязычных народов на арабском алфавите, искусственное форсирование «сближения» наций, которое привело к зауживанию сфер применения казахского языка, отрыв от национальных корней, политическая, правовая, экономическая и социальная незащищённость, остаточный принцип финансирования образования и др.) называется её основная проблема – тупиковость.

«Она (казахская средняя школа. – *Ред.*) не выводит своих выпускников в широком смысле слова на просторы вузовского образования, сферы науки и современного производства. Практически доныне нет ни одного техникума, где казахская молодёжь могла бы на родном языке получать глубокие знания по отраслям современного производства ... казахская общеобразовательная средняя школа в её сложившейся ныне форме функционирования и взаимодействия с другими звеньями народного образования является замкнутой, несаморазвивающейся и угасающей подсистемой, на деле иллюстрирующей деформацию ленинской концепции социалистической школы в условиях национальной республики».

### УЧЕБНИКИ, КОТОРЫЕ БЫЛИ ПЕРЕИЗДАНЫ НЕ РАЗ

В центре научной и методико-педагогической деятельности Рафики Нуртазиной всегда находились казахский и русский языки и литература, а также методика их преподавания в казахской школе, в поздний период – в предшкольных учреждениях.

Среди публикаций Рафики Нуртазиной особо следует отметить учебники, рекомендованные Министерством образования и науки Республики Казахстан. Конечно же, в первую очередь это выдержавшая десятки изданий **«Книга для чтения по русскому языку»** (для 6 класса казахской школы) и дважды переиздававшийся учебник **«Русская советская литература»** (для 10 класса казахской школы).

**Рафика Нуртазина все годы вела активную общественную работу**: четырежды избиралась депутатом Алматинского исполкома депутатов трудящихся; была делегатом XIV и XV Всесоюзных съездов профсоюзов СССР; делегатом XIII съезда Компартии Казахстана; участником II и III Всесоюзных съездов учителей и Всесоюзных педагогических чтений; председателем президиума Республиканского совета педагогического общества Казахстана (1973-1978); членом Учёного методического совета Министерства просвещения СССР (1981-1987); в течение 10 лет членом Учебно-методического совета Министерства просвещения КазССР и т.д.

Переиздание учебников – это очевидное признание их хорошего качества и полного соответствия обновляющимся требованиям и запросам народного образования. «Книга для чтения по русскому языку», первое издание которой вышло в 1960 г., начиная с 2002 г. выходит в обновлённом виде и как учебный комплекс используется сегодня в казахстанских школах с не русским языком обучения.

«Много лет назад пришедшая в казахскую школу книга открывала, шла параллельно, а иногда и опережала методы работы с текстом художественной литературы, словом и речью, не оформленные в ту пору в безусловные ныне понятия и категории, инструментарий учителя, **такие как инновационные технологии, билингвизм и полиязычие, активизация познавательной деятельности, интерактивные методы обучения, проблемное обучение**.

История учебника и его эволюция в учебно-методический комплекс □ это история постоянного обновления содержания, технологии, методической лаборатории в соответствии с меняющимися запросами времени, образовательной сферы и парадигмы обучения», – профессор ЕНУ имени Л.Н. Гумилёва К. Уразаева.

В 1964 г. вышла первая книга из серии собраний дидактических игр в виде загадок, шарад, ребусов, кроссвордов, каламбуров по основным разделам русского языка, составленных с учётом особенностей родного для учащихся казахского языка. С тех пор в серию книг с занимательным описанием особенностей русского языка вошли: «Занимательная грамматика. Фонетика» (1964), «Занимательная грамматика. Морфология» (1966), «Занимательная грамматика. Синтаксис» (1970). Все годы работы в школе Рафика Нуртазина составляла и придумывала новые дидактические и интеллектуальные игры, облегчающие усвоение языковых знаний, создающие для них опору в виде ярких образов и устойчивых ассоциаций.

А с 1989 по 1991 г. по плану Комитета телевидения и радиовещания Рафикой Нуртазиной проводились «Радио-уроки для Тани и Булата», адресованные тем, кто хочет научиться говорить по-казахски. Радио-уроки проводились в форме эмоциональных и занимательных диалогов Тани и Булата, которые очень быстро стали популярными героями.

По итогам радио-уроков Рафикой Нуртазиной был опубликован **первый в Казахстане учебник казахского языка «Говорим по-казахски»** (в комплекте с 12 аудиокассетами). Трудно переоценить её вклад в развитие образования после издания книг **«Мирастың кітабы», «Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын!»** (платиновый лауреат независимой премии «Тарлан»), **«Тілашар»**.

Мы перечислили лишь немногие труды, которые прославили выдающегося педагога. В семейном архиве хранятся её рукописи, письма коллег и друзей, и самое удивительное – сочинения её учеников. Она помнила каждого ученика и по голосу узнавала: Фермахан Шоеву – выпускницу 1954 г., ставшую известной журналисткой, Сауык Жаканову, которая начинала свою карьеру диктором школьного радио, Шарбану Кумарову и Жениса Кашкынова, поэтический талант которых так рано проснулся, Лайлу Аскар – верного и талантливого соавтора её книг для детей...

Ее выпускники – учёные, дипломаты, инженеры, лётчики и учителя – тоже бережно хранят память о своём Учителе и родной 12 школе...

*INFORMBURO.KZ*

# 2021 ГОД – ЮБИЛЕЙНЫЙ ГОД НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА

**Выступая на IV заседании Национального совета общественного доверия (НСОД) 22 октября 2020 года Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев провозгласил 2021 год «Годом 30-летия Независимости».**



Об основных рубежах за 30 лет независимости РК рассказал Presidentlibrary.kz.

16 декабря 1991 года – памятная дата в казахстанской истории. В этот день Верховный Совет Республики Казахстан принял исторический документ – **Конституционный закон № 1008-XII «О государственной независимости Республики Казахстан».** Ныне эта дата отмечается как главный государственный праздник страны – День независимости Республики Казахстан.

Обретение Казахстаном государственного суверенитета берет свое начало с принятия Верховным Советом КазССР 24 апреля 1990 года **Закона «Об учреждении поста Президента Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию Казахской ССР».** Введение института президентской власти стало первым серьезным шагом Казахстана как союзной республики в составе Советского Союза к реальному суверенитету.

В этот же день Верховным Советом на безальтернативной основе на пост Президента Казахской ССР был избран **Нурсултан Абишевич Назарбаев,** на тот момент Первый секретарь Центрального комитета Коммунистической партии Казахской ССР.

Одним из первых шагов Н. А. Назарбаева на посту Главы государства стала разработка Декларации «О государственном суверенитете Казахской ССР». Нурсултан Абишевич Назарбаев принял активное участие в постатейном рассмотрении проекта Декларации. Следует отметить, что работа над документом, ставшим предтечей оформления полной государственной независимости Казахстана, протекала в условиях экономического и политического хаоса, царившего на пространстве советской империи.

Как известно, руководство Верховного Совета СССР всячески тормозило принятие Казахстаном Декларации «О государственном суверенитете», поэтому разработка судьбоносного для народа Казахстана политико-правового документа стало актом гражданского мужества.

25 октября 1990 года Верховным Советом КазССР XII созыва была принята **Декларация «О государственном суверенитете Казахской Советской Социалистической Республики»,** которая явилась первым шагом Казахстана на пути к независимому развитию.

Декларация «О государственном суверенитете Казахской ССР» от 25 октября 1990 года и Конституционный закон «О государственной независимости Республики Казахстан» от 16 декабря 1991 года, являясь основополагающими законодательными актами на пути оформления государственной независимости Казахстана, заложили конституционно-правовой фундамент нового суверенного государства – Республики Казахстан.

Новейшая национальная история, а это три десятилетия обретения независимости, становления и укрепления национального суверенитета и государственности Казахстана, неразрывно связана с именем Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева.

Путь к подлинной Независимости был труден и тернист. Как подчеркивает сам Елбасы, «за эти годы Казахстан прошел нелегкий путь, на который у других государств уходили столетия».

За исторически короткий срок народ Казахстана под руководством Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы Нурсултана Абишевича Назарбаева добился колоссальных успехов во всех сферах деятельности – переход от плановой к рыночной экономике, повышение уровня жизни населения, формирование правового и демократического государства, движение к созданию социального государства, дальнейшее укрепление государственного суверенитета, безопасности и стабильности, углубление государственного строительства.




Становление Казахстана как независимого государства с рыночной экономикой происходило за счет коренного изменения образа жизни, мышления и действий. Политика Елбасы была направлена на развитие страны по фундаментальному принципу «сначала экономика, затем политика».

Три десятилетия Независимости стали для Казахстана эпохой экономического прогресса и устойчивого развития. Казахстан стал лидером в реализации самых успешных и масштабных рыночных реформ на постсоветском пространстве. Европейский союз и США признали Казахстан первым на постсоветском пространстве государством с рыночной экономикой.

За годы независимости в Казахстан были привлечены 350 млрд долларов прямых иностранных инвестиций, что составляет 70% из общего притока инвестиций в регион Центральной Азии. Это явилось результатом успеха политики открытости и доверия, проводимой руководством государства, подкрепленной стабильностью и согласием в казахстанском обществе.

За десятилетия Независимости объем ВВП вырос в 18 раз, создано больше 300 тысяч рабочих мест и 1250 новых промышленных предприятий.

В 2006 году, по данным Всемирного Банка, Казахстан вошел в группу стран с доходом выше среднего уровня. В 2012 году Казахстан вошел в число 50-ти самых конкурентоспособных экономик мира. 30 ноября 2015 года Казахстан стал полноправным членом Всемирной торговой организации. Казахстан экспортирует свыше 2500 наименований товаров в более 100 стран мира

Казахстан является одним из лидеров СНГ в социально-экономических преобразованиях. Успехи в экономическом развитии способствовали росту благосостояния населения республики. С 1991 года средняя заработная плата граждан Казахстана выросла в 17 раз, а размер пенсии – в 10 раз. С 1991 года население Казахстана увеличилось с 16 793 000 человек до приблизительно 18 953 799 человек к концу 2020 года. Уровень рождаемости в Казахстане увеличился на 60%. Средняя продолжительность жизни казахстанцев увеличилась с 64 лет до 72 лет.

Статус городов-миллионников получили три города – Нур-Султан, Алматы и Шымкент. Введено более 100 миллионов квадратных метров жилья. Построено 1 500 школ и более 2 700 детских садов и сотни колледжей.

Последовательная политика Елбасы в национальном вопросе обеспечила национальное единство на основе экономических успехов страны и утверждения принципов равноправия народов. Началось строительство единой нации – казахстанского народа. Первый Президент Казахстана выдвинул идею создания Ассамблеи народов Казахстана (АНК). В республике были созданы равные возможности для всех граждан страны, независимо от национальности и вероисповедания. Был сохранен социальный мир, развивалось межэтническое и межконфессиональное согласие.

В настоящее время уникальность Ассамблеи народа Казахстана признана во всем мире, Ассамблея стала международным брендом Казахстана и выполняет роль связующего звена между гражданским обществом и государством.

Деятельность Ассамблеи и Съезды лидеров мировых и традиционных религий, регулярно проводимые в Нур-Султане с 2003 года, способствовали росту международного авторитета Республики Казахстан как страны эффективно решающей проблемы межнациональных отношений. Генеральный секретарь ООН Кофи Аннан во время визита в Казахстан назвал АНК примером межнационального согласия, стабильного, устойчивого развития для других государств мира. Высоко отзывался о казахстанском народе и Папа Римский Иоанн Павел II, посетивший Казахстан в 2001 году.

Нур-Султан – столица независимого государства стала уникальным проектом Елбасы Н. А. Назарбаева, успешным символом независимого Казахстана, национальным брендом и эталоном страны. Нур-Султан – самая северная столица в Азии. В 1999 году по решению ЮНЕСКО город был удостоен звания «Город мира». С 2000 года главный город Казахстана является членом Международной ассамблеи столиц и крупных городов.

Реальное улучшение ситуации во всех сферах жизни казахстанского общества способствовало активному росту международного авторитета страны.

За период независимости Казахстан превратился в стратегически важного игрока на мировой арене и бесспорного лидера в регионе Центральной Азии. Отказ Казахстана на заре Независимости от четвертого в мире запаса ядерного оружия способствовал укреплению доверия со стороны крупнейших мировых держав, обеспечил доброжелательное отношение мирового сообщества к молодому государству и способствовал превращению Республики Казахстан в одного из лидеров глобального антиядерного движения. В 2015 году по инициативе Казахстана Генеральная Ассамблея ООН приняла Всеобщую Декларацию о построении мира, свободного от ядерного оружия

Казахстан развивает многостороннюю и мирную внешнюю политику и установил дипломатические отношения со 183 государствами мира. Наша страна входит в состав и углубляет сотрудничество в ключевых межправительственных организациях, созданных международным сообществом для достижения общих целей в политической, экономической, социальной, научно-технической и культурной областях – таких как ООН, ОБСЕ, Всемирная торговая организация, Организация исламского сотрудничества, СНГ, ШОС, ЕАЭС, ОДКБ.

Казахстан, благодаря активной внешнеполитической деятельности и международным инициативам Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы, сыграл ключевую роль в создании таких организаций как Евразийский экономический союз, ОДКБ, ШОС и Тюркский совет. Казахстан первым среди стран СНГ провел саммит ОБСЕ и Всемирную выставку ЭКСПО.

30 лет независимости стали для Казахстана эпохой прогресса и устойчивого развития.

Как отметил Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев «Независимость служит прочной опорой казахстанской государственности. Для Казахстана – страны с богатой историей и глубокими корнями – нет большей ценности. Это самое драгоценное сокровище, самое сокровенное достояние. Поэтому мы дорожим Независимостью, о которой мечтали наши предки. Суверенитет – это бесценное благо, которым обладает не каждый народ. Летопись нашей Независимости тесно связана с исторической фигурой Первого Президента – Елбасы».

2021 год обещает быть годом историческим и рубежным. Казахстан вступает в новый период 10-летнего развития. На ближайшие годы намечено многое. Обретение независимости стало знаменательным событием в истории Казахстана, положившего начало созданию нового демократического государства, нового общества.

Для Казахстана, как и для любой страны в мире, независимость стала прочной опорой государственности и составила надежную основу суверенности.

PRESIDENTLIBRARY.KZ

**7 апреля исполняется 150 лет со дня рождения одного из великих сынов казахского народа, легендарного балуана, многократного призера международных соревнований по французской и вольной борьбе, первого казаха, завоевавшего известность в международных чемпионатах зарубежных стран Кажымукана Мунайтпасова, передает корреспондент МИА «Казинформ».**



# 150 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ЛЕГЕНДАРНОГО БАЛУАНА КАЖЫМУКАНА МУНАЙТПАСОВА



Кажымукан Мунайтпасов родился 7 апреля 1871 в поселке Караоткель Акмолинской области. По некоторым источникам отец и дед Кажымукана Мунайтпасова обладали особой физической силой, за что их и прозвали «балуанами».

Не исполнилось и 17 лет, как о нем уже начали говорить как о сильном борце, имевшем на своём счету немало побед. Так слава о нём расходилась по всей казахской степи.

Когда ему исполнилось 18 лет, Кажымукан получил приглашение на работу в цирк. Он работал в конюшне и вместе с этим обучался премудростям цирковой борьбы. Через два года он впервые вышел на арену.

В 1901 году в Омске открылся чемпионат по французской борьбе, где выступали профессиональные борцы. Слухи об их победах над местными борцами доходили до Кажымукана. Так балуан решил испытать удачу и принял вызов самого сильного из них – Андрея Злобина. Схватка оказалась тяжелой для обоих борцов. Победу одерживает Злобин, по рекомендациям которого Кажымукан Мунайтпасов был принят в школу И.В. Лебедева в Санкт-Петербурге, где два года обучался искусству классической борьбы.

В 1908 году в Кельне он впервые завоевал звание чемпиона мира. В 1909 году в Риге на чемпионате мира занял первое место. В 1910 году завоевал малую золотую медаль на международном чемпионате в Варшаве.

Он боролся с такими известными балуанами, как Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Поль Понс.

Кажымукан Мунайтпасов всю свою жизнь посвятил развитию казахской борьбы. По некоторым данным, он выступал в соревнованиях по разным видам борьбы в 54 странах мира и завоевал 48 медалей.

К сожалению, ни одна из медалей не сохранилась в наши дни. Причина этому – известный балуан часто раздавал свои награды. С радостью дарил их своим близким людям, даже незнакомцам и тем, кто сильно нуждался в средствах. Отсюда исходит, каким талантливым и добрым, простым человеком был наш балуан.

На территории нашей страны он организовывал различные чемпионаты, таким способом внес значительный вклад в развитие қазақ күресі.

А в 1926 году в Кызылорде он впервые в истории казахского народа открыл профессиональный театр, где свой творческий путь начинали многие народные таланты, среди которых: один из победителей всемирного конкурса исполнителей народного творчества в Париже Амре Кашаубаев, народный артист Казахстана Калибек Куанышпаев, знаменитый акын-импровизатор Иса Байзаков.

Кажымукан Мунайтпасов таким образом повлиял на становление выдающихся личностей страны. Он прекрасно играл на домбре и пел, может, поэтому так близок был к творчеству.

В первые годы войны уже заметно постаревший Кажымукан решает в последний раз выступить перед публикой и этим завершить свою многолетнюю трудовую деятельность. Кажымукан организовывает цирк-шапито и выступает перед зрителями, дабы собрать средства на помощь советским воинам. Последнее выступление борец провёл в 1944 году в районах Южно-Казахстанской области. А на собранные деньги в сумме 100 тысяч рублей он просит подарить от его имени Советской армии самолёт, который будет назван в честь еще одного легендарного казаха Амангельды Иманова.

Кажымукан Мунайтпасов скончался в 1948 году в районе Ордабасы Туркестанской области. Его потомки сейчас проживают в Туркестанской и Акмолинской областях.

По приведенным сведениям ученого, профессора Ауелбека Коныратбаева, Кажымукан Мунайтпасов был действительно крепкого, богатырского телосложения: вес – 174 кг, рост – 195 см, обхват груди – 146 см, обхват икр – 49 см, обхват шеи – 56 см, размер головы – 65 см, длина среднего пальца – 14 см, толщина среднего пальца – 10 см, размер обуви – 54.

Имя Мунайтпасова носит улица и школа-интернат спортивного профиля в Алматы, в его честь названа одна из улиц в Нур-Султане и центральный стадион Нур-Султана, рядом с которым 15 июня 2005 года был открыт футбольный сквер. А еще его имя носит и центральный стадион Шымкента, рядом с которым установлен памятник борцу. В Туркестанской области в честь балуана установлены 7 памятников. В 2019 году еще один памятник был установлен в Степногорске в Акмолинской области.



О нём были сняты документальный фильм «Его звали Хаджи-Мукан» (1978) и художественный фильм «Знай наших!» (1985) с участием Алеухана Бекбулатова, Дмитрия Золотухина, Георгия Мартиросяна, Сослана Андиева, Алексея Ванина, Александра Панкратова-Чёрного, Льва Золотухина.

Кажымукану посвящена книга Калмакана Абдукадырова «Қажымұқан» («Жалын», Алма-Ата, 1981) и документальная повесть Алимкула Буркитбаева «Хаджи-Мукан» («Жалын», Алма-Ата, 1983).

В память о Кажымукане был назван посёлок в Целиноградском районе. Ежегодно проводятся традиционные состязания борцов Казахстана, посвященные его памяти. А 10 февраля в здании Республиканской школы-интерната-колледжа олимпийского резерва имени К. Мунайтпасова состоялось торжественное мероприятие в честь празднования 150-летия легендарного казахского балуана Кажымукана Мунатпайсова, где был дан старт празднованию юбилея известного борца.

*INFORM.KZ*



## Новый мировой рекорд установили в честь 150-летия Кажымукана Мунайтпасова

7 апреля 2021 года в поселке Кажымукан Акмолинской области в честь 150-летия Кажымукана Мунайтпасова установили новый мировой рекорд, передает «Қазақ үні» со ссылкой на Республиканское общественное объединение «Казахстанский союз спортсменов».

В рамках мероприятия состоялась церемония закладки капсулы в фундамент будущего спортивного зала. Торжественную часть открыли заместитель акима Акмолинской области **Айна Мусралимова** и председатель Комитета физической культуры и спорта **Серик Сапиев**.

Со словами приветствия выступил председатель РОО «Казахстанский союз спортсменов» **Азамат Карлыгашев**.

«В детстве я, как уверен и большинство из вас, мечтал быть таким же как наш нағыз батыр Кажымукан. Выходить на ринг, побеждать. Я долго шел к этой мечте, учился в спортивной школе имени Кажумукана Мунайтпасова. Личность этого спортсмена вызывает у меня большое уважение. Нашим борцам я желаю удачного турнира, а Сергею, как настоящему последователю Кажымукана, удачи с его рекордом», - сказал Азамат Карлыгашев.

После торжественной части состоялась церемония **установления нового мирового рекорда Гиннесса** четырехкратным рекордсменом мира по силовым упражнениям **Сергеем Цырульниковым.** Спортсмен побил мировой рекорд по разгибанию калиброванных подков, установленный гражданином Литвы. Предыдущий мировой рекорд равнялся 2 согнутым подковам за минуту, а в этот раз Сергею Цырульникову удалось согнуть 4 подковы за 37 секунд.

Рекорд спортсмена был зафиксирован и официально утвержден офицером регистрации книги рекордов Гиннесса в Казахстане.

«Мы специально проверили – данные металлические подковы изготовлены из закаленного металла, выдерживают нагрузку около 940 килограмм. Это не привычные нам подковы – их изготавливают в Нидерландах, и они по праву считаются самыми прочными в мире. Уникальность именно в этом», - отметил представитель книги рекордов **Куандык Кудайбергенов**.

«Данное достижение – это еще один шанс обратить внимание нашей молодежи на нашу историю, на нашу богатейшую силовую культуру, которую прославляли такие палуаны как Кажымукан Мунайтпасов, Балуан Шолак и другие. Мы должны воспитывать молодое поколение на нашей истории, на истории наших палуанов, с кодексом батырства, честности и силы. Алга Казахстан», - сказал **Сергей Цырульников**.

**Справка:** Казахстанский Союз спортсменов - это первая в Казахстане добровольная некоммерческая общественная организация, объединяющая бывших и действующих спортсменов, работников физической культуры, спорта и туризма. Деятельность Союза, созданного 21 мая 2020 года, нацелена на поддержку детско-юношеского спорта, ветеранов спорта и действующих спортсменов. На настоящий момент число членов Союза составляет более 600 человек.

*ҚАЗАҚ ҮНІ*

# ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ ЕЛ ЖҮРЕГІНДЕ

**Қазақстан Республикасының Президенті аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі қоғам қайраткері Қабдеш Жұмаділовтің отбасы мен жақын туыстарына қайғырып көңіл айтты.**

Аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, белгілі қоғам қайраткері Қабдеш Жұмаділовтің дүниеден өтуіне байланысты көңіл айтамын. Қабдеш Жұмаділұлының қаламынан шыққан туындылар дәуірдің жүгін, замана келбетін, қоғамның үнін айқын көрсеткен. Соның ішінде қилы кезеңді бастан кешкен халықтың тағдырын арқау еткен романдары мемлекет және қалың көпшілік тарапынан жоғары бағасын алды. Қарымды қаламгер еліміздің рухани саласын дамытуға мол еңбек сіңірді. Өнегелі ғұмыр кешіп, соңына өшпес із, сарқылмас мұра қалдырған Қабдеш Жұмаділұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат болсын.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**
**Қазақстан Республикасының Президенті.**

# ХАЛҚЫ ҚАРА СӨЗДІҢ ҚАБАНБАЙЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Сексен беске қараған шағында Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қытайдан Қазақстанға өткен алғашқы ұлы көштің дарабозы Қабдеш Жұмаділов өмірден өтті.

Қазақ әдебиетін дамытудағы айрықша еңбегі мен еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласа жүріп, әдебиеттің алтын қорына енген ғажайып туындыларымен өз оқырмандарын тамсандырған қазақ әдебиетінің классигі Қабдеш Жұмаділов 1936 жылы 24 сәуірде Шыңжан өлкесі Тарбағатай аймағы Шәуешек ауданында дүниеге келген. 1956 жылы Шәуешек гимназиясын бітіріп, сол жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түскен. Университетті бітіргеннен кейін» «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жазушы» баспасында, Мемлекеттік баспалар комитетінде жауапты қызметтер атқарған. 1981 жылдан бері бірыңғай шығармашылықпен айналысты.

Өлеңдері 1967 жылы «Жас дәурен» деген атпен жеке жинақ болып жарық көрген. Осыдан кейін жазушы проза жазуға ойысқан. «Қаздар қайтып барады» атты алғашқы әңгімелер жинағы 1968 жылы, «Көкейкесті» романы 1969 жылы жарық көрді. Содан бері жазушы қаламынан көптеген әңгіме, хикаяттар, оншақты роман туды. Романдарының дені тарихи тақырыпқа арналған. Қабдеш Жұмаділовтің романдарының тіл көркемдігінің ерекшелігі оның халық ауыз әдебиетінің мол мұраларын қолдануында жатыр. Бұл тәсіл «Тағдыр», «Соңғы көш», «Дарабоз» романдарында көрініс тапқан. Мысалы, «Тағдыр» романында қазақтың салт-дәстүрі әр қырынан көрінеді.

Оның жоғарыда аталған романдары Шыңжан қазақтарының өмірінен жазылған. «Соңғы көш» диалогиясына 1983 жылы М.Әуезов атындағы әдеби сыйлық, «Тағдыр» романына 1990 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

Қос томды «Дарабоз» романы тарихи тақырыптқа, «Саржайлау», «Сәйгүліктер», «Бір қаланың тұрғындары», «Бір түп тораңғы» атты шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арнался, «Қылкөпір» романы мен соңғы жылдары жазылған бір топ әңгімелерінде өтпелі дәуір шындығы суреттеледі. Жазушы «Таңғажайып дүние» атты ғұмырнамалық романында өзі өмір сүрген орта мен замандастары жайында сыр шертеді. Туындылары көптеген тілге аударылған. «Қазығұрт» баспасынан он екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрген.

Қабдеш Жұмаділовке 1998 жылы «Қазақстанның Халық жазушысы» атағы берілді. «Парасат» II дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері. Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай, Үржар және Аягөз аудандарының Құрметті азаматы атанды.

Рухы да өр туындыларымен қара сөздің Қабанбайына айналған ардақты қаламгер, көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділовтің жарқын бейнесі, ғибратты ғұмыры қаламдастары мен халқының жүрегінде сақталады.

**Қазақстан Жазушылар**
**одағы Басқармасының хатшылығы**



# «СОҢҒЫ КӨШ» ТАРИХТЫҢ ҰЛЫ КӨШІНЕ ҰЛАСА БЕРЕДІ

Қазақ әдебиеті ауыр қазаға ұшырады.

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті жазушы Қабдеш Жұмәділов өмірден озды деген суық хабар қабырғамызды қайыстырып кетті...

Ауырғанына бір аптадай ғана болған екен...

Қазақ әдебиетіндегі соқталы туынды «Соңғы көштің» авторы, алыптардың соңғы тұяқтарының бірі Қабдеш ағамыз 24 сәуірде 85 жасқа толар еді...

Қабдеш Жұмәділов қалың қазақ сүйіп оқыған «Көкейкесті», «Соңғы көш», «Атамекен», «Тағдыр», «Дарабоз» романдары мен бірнеше көркем әңгімелердің авторы еді. Сонымен қатар қазақтың даңқты да, дарабоз дарынды қаламгері ғана емес, қарымды қайраткері де еді. Қоғамдық-саяси өмірде өз үнін батыл да, ашық айтып отыратын. Ұлттық мүддені қорғау, Мемлекеттік тілді қолдау жолында қашанда алдыңғы қатардан табыла білді.

«Ақ жол» партиясының Алаш қайраткерлерін ұлықтау, қазақ санын көбейту үшін қандастар көшін қайта жандандыру, Мемлекеттік тілді қолдау туралы ұсыныстарын қолдап, өз ой-пікірлерін қосып отыратын еді.

Жақында ғана Парламентте Қандастар көшін көбейту мәселесін көтерген соң, Алматыға барып, Ұлы көштің жайымен «Соңғы көштің» авторының ақыл-кеңесін тыңдап, ақ батасын алып шығамын деп жүр едім...

Алладан үкім келді – амал жоқ, алдынан жарылқасын дейміз.

Алды пейіш, арты кеніш болғай...

Қабдеш Жұмәділов қай жағынан алса да бақытты жазушы.

Халықтың шынайы ықыласына бөленген шығармалары ең көп тиражбен тарады.

Қазақстан Кеңес империясы құрамындағы кезде өзінде Қытайдан Атажұртқа өзі бастап өткен қазақ көшінің – сом шығармасымен ескерткіш қалдырған «Соңғы көштің» Тәуелсіз Қазақстанда Ұлы көшке ұласқанын көріп қуанды.

Алыптардың соңғы тұяғы деп те бекер айтып отырған жоқпыз. Қабдеш Жұмәділов Қазақстанның Халық жазушысы атағын алған қаламгерлерден қалған екінің бірі еді, жазушылардан ең соңғысы еді...

Біз қазақтың ұлы жазушылары Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты көрген жоқпыз. Ғабит Мүсіреповпен бір амандасқанымызды жырға айналдырдық. Бірақ Мұхтар Әуезовтің өзі болмаса да, көзіндей, бізге тастап кеткен сөзіндей, тұлғасы да, жырласы да ұқсас Қабдеш Жұмаділді көрдік. Тарлан жазушымен талай пікірлестік, дәмдес, сапарлас болдық, ұлттық мүддені қорғау жолында қатарлас болдық деп мақтанамыз.

Жаман індеттің кесір-кедергісі осындай асыл тұлғаларымыздан айрылғанда білінеді. Әйтпесе, нағыз халық жазушымен халық қимай қоштасып, театрға сыймай кетер еді...

Қалың қазаққа қайғырып көңіл айтамыз.

Отбасына, елу жеті жыл отасып, шаңырағының отын жаққан асыл жары Сәуле Әукенқызы апайымызға, балалары, партиядағы әріптесіміз Арман Қабдешұлына және Дәрмен, Дәулет, Жәнібек, Ерке бауырларымызға, туғантуыстарына көңіл айтамыз.

Иманы саламат болсын!

Қазақ әдебиетіндегі «Соңғы көш» тарихтың ұлы көшіне ұласа береді.

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, ҚР Парламент**
**Мәжілісінің депутаты**

# ДАРАБОЗ ҚАЛАМГЕР, ҚАРЫМДЫ ҚАЙРАТКЕР ЕДІ...

**«Ақ жол» партиясы Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің қайтыс болуына байланысты көңіл айту жолдады.**

Қазақ әдебиетіндегі оншақты роман, жиырмаға тарта хикаят, көптеген әңгімелердің авторы, алыптардың соңғы тұяқтарының бірі Қабдеш Жұмаділов ағамыз қазақтың даңқты да, дарабоз қаламгері ғана емес, қарымды қайраткері де еді. Қоғамдық-саяси өмірде өз үнін батыл да, ашық айтып отыратын ержүрек жан еді. Ол Ұлттық мүддені қорғау, Мемлекеттік тілді қолдау жолында қашанда алдыңғы қатардан табыла білді.

«Ақ жол» партиясының Алаш қайраткерлерін ұлықтау, қандастар көшін көбейту туралы ұсыныстарын қолдап, өз ой-пікірлерін ұдайы қосып отыратын еді.

Алла алдынан жарылқасын дейміз. Алды пейіш, арты кеніш болғай...

Қалың қазаққа қайғырып көңіл айтамыз.

Отбасы мен туған-туыстарына, партиядағы әріптесіміз Арман Қабдешұлына қайғыға ортақтығымызды білдіреміз.

Көрнекті жазушы ағамыздың нұры пейіште шалқысын. Иманы саламат болсын!

Қазақ әдебиетіндегі «Соңғы көш» тарихтың ұлы көшіне ұласа береді.

**Қазақстанның «Ақ жол»**
**демократиялық партиясы атынан:**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутататтары:**
**Азат Перуашев, Қазыбек Иса,**
**Ерлан Барлыбаев, Берік Дүйсембинов,**
**Азамат Әбілдаев, Дания Еспаева,**
**Айгүл Жұмабаева, Серік Ерубаев,**
**Андрей Линник, Мақсат Раманқұлов,**
**Ерлік Өмірғали, Азат Сембинов.**

# БҮГІН БІЗДІҢ ӘКЕМІЗ ӨЛДІ

Қайсар қаламгер Қабдеш Жұмаділ қайтыс болды.

Жазушының бүкіл ғұмыры, жазған шығармасы – қазақ халқының рухы, болмысы, бөлек әлемі, дербестігі, азаттық аңсауы, еркі және биік мақсаттарына құрылған.

Өз сөзімен айтқанда ол – «заман қанша ауысса да бірде-бір шығармасы банкротқа кетпеген» жазушы.

Сонау кеңес заманында жазылған «Соңғы көш», «Тағдыр», «Атамекен», «Саржайлау», «Бір түп тораңғы» қатарлы шығармаларының қайқайсысы да өз заманының шын сыйпатын ашқан туынды. «Заманына күйлемеген, заманы илемеген» шығармалар.

Жазушының тілі де, шығармасында сипатталған өмірдің көркем бейнесі де, кейіпкерлердің монологтары мен диалогтары да, аса шынайы және биік шеберлікпен жазылған оқушының ой-санасын шексіз баурауыш құбылыстар үйлесімі.

Жазушы Қабдеш Жұмаділов қайсар күйінде қасқайып тұрған болмысымен, тік бейнесімен өмірден өтті. Ол шаршап-шалдыққан жоқ, қартайып қайысқан жоқ, заман қанша өзгерсе де майысқан жоқ. Ол барлық шығармашылық ғұмыры ерік пен жігерге, биік рухқа толы жазушы болды.

Ол шыңжаң қазақтарының жаршысы , бағыт берер жарық жұлдызы – Темірқазығы болатын. Олардың жан әлемін жалпақ ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ жайып жіберген, күллі қазақтың жүрегіне жеткізіп орнықтырған ғажайып қаламгер.

ОЛ БІЗДІҢ РУХАНИ ӘКЕМІЗ ЕДІ. БҮГІН БІЗДІҢ ӘКЕМІЗ ӨЛДІ.

Елі-жұрты жиналып, ол өзі өсиет еткен топыраққа көмді. Өзі өмірімен сүйген, өмірбахи жырлаған, күллі кейіпкерінің киелі мекені Тарбағатай тауының бір қыратына тапсырды. Оны өзі аса сүйіспеншілікпен суреттеген Шәуешек шаһарынан Арқаға қарай келе жатқан жолдың таусылған жеріне қойды. Енді тірісінде тынымсыз сүйіп жырлаған ата мекені Қабдешті мәңгі тербетеді.

Қаламгердің шығармасы – жан әлемі халқымен бірге жасайды! Ол мың жасайды. Хош бол, Әке!

**Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,**
**ақын**



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

### ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Емханада:*
*– Бір операцияға 10 мың доллар тым көп емес пе? Мен бала-шаға асырап отырған адаммын ғой.*
*– Біз де бала-шағамыз аш отырмасын деп жүрміз ғой.*
*****
*– Иттің инфаркт алуы мүмкін бе?*
*– Егерде оған адамға жасаған жағдайды жасасаң, әбден мүмкін.*
*******
*– Дәрігер мен есте сақтау қабілетімді жоғалтым-ау деймін.*
*– Қай уақыттан бастап?*
*– Былтырғы жылдың 16 желтоқсанында сегізден он бес минут кеткенде. Ол күн жұма болатын.*
*******
*Митингіде соққыға жығылған адамды мәйітханаға апара жатыр.*
*– Мен әлі өлген жоқпын.*
*– Біз де әлі жеткен жоқпыз.*
*****
*Көше тәртібін бұзып, сол жақпен кетіп бара жатқан көлікті МАИ қызметкері тоқтатады.*
*– Жол ережесін өрескел бұзып, қайда асығып бара жатырсыз?*
*– Оны өзім де білмеймін. Не де болса кешіккенім анық. Өйткені бәрі кері қайтып келе жатыр.*
*****
*Машинамен жолда келе жатқан ерлі-зайыптылар МАИ қызметкерлерін жиі кездестіреді.*
*Әйелі:*
*– Бұл көшедегі МАИ-дың барлығы семіріп кеткен бе, немене? – деп таңданса керек.*
*Күйеуі:*
*– Олар бронежилет киіп тұрған шығар – дейді.*
*Әйелі:*
*– Қойшы тегі, беттеріне де киіп алған ба? – депті.*
*****
*Жолаушыларға лық толы автобус. Бір аялдамадан автобусқа мінген кемпір алдыңғы қатарда отырған жас жігіттің қасына келіп тұрады. Жас жігіт әлгі кемпірден:*
*– Апа, аяғыңыз ауырып тұр ма? – деп сұрапты.*
*– Иә, айналайын, аяғым сырқырап ауырып тұр.*
*– Апа, жас кезіңізде қарттарға орын беруші ме едіңіз?*
*– Иә, қарағым, үлкен кісінің автобусқа кіргенің көрсем, отырған жерімнен қарғып тұрып орын беретін едім.*
*– Е-е, жас кезіңізде қарттарға орынды көп бергендіктен ғой аяғыңыздың ауыратыны...*

№13-14 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



# Бермуд үштағанына қатысты тағы бір сыр ашылды

**Бермуд үшбұрышы – Жер шарының сырлы нүктелерінің бірі. Бұл жерден ұшатын, жүзетін су және әуе кемелері жұмбақ түрде жоғалып кететіндіктен адамдар Бермуд үшбұрышындағы апаттарды әртүрлі табиғи құбылыстармен, жатпланеталықтармен байланыстырады. Жақында ғалымдар тағы бір қызық мәліметтің шетін шығарды.**

Зерттеушілер әр жылдағы мәліметтерді салыстыра отырып Бермуд үшбұрышы аймағында орналасқан Саргассо теңізіндегі дауылдар әр он жыл сайын күшейе түскенін анықтады.

Дауылдың орташа жылдамдығы Бермуд ұшбұрышындағы 100 шақырым радиуста 1955-2019 жылдар аралығында сағатына 56-дан 117 шақырымға дейін өскен. Яғни он жыл сайын желдің жылдамдығы сағатына 10 шақырымға артып отырған.

Атлант мұхиты, Саргассо теңізінде орналасқан бұл аймақ Флорида, Бермуд, Пуэрто-Рико аралдарымен қоршалған үшбұрышта орналасқандықтан осылай аталады

Өзгерістер жаһандық жылынуға байланысты. Теңіз бетінің жоғары температурасы одан да күшті тропикалық циклондар тууына сеп болады. Сонымен қатар бұған дейін бұл өте маңызды рөл атқармайды деп есептелгенімен, дауылдың пайда болуына теңіз түбіндегі температура да әсер етеді.

Тропикалық циклондар жылы және ылғал ауа көтерілгенде пайда болады, су буы жаңбыр түрінде конденсацияланады және процестен алынған құрғақ ауа төмендейді. Нәтижесінде жер үсті суы салқындайды, бірақ теңіз түбіндегі су жылы болса, ол көтеріліп, дауыл тұрады. «Нәтижесінде күн



райы ысыған сайын дауыл да күшейе түседі» - дейді ғалымдар.

Айта кетейік, 2018 жылы Ұлыбританиядағы Саутгемптон университетінің зерттеушілер тобы Бермуд үшбұрышының айналасындағы қауесеттердің ғылыми негізін табу үшін зерттеу жүргізеді.

Зерттеуге сәйкес, бұл аймақта кемелердің жоғалып кетуіне толқындар себеп болған.

Бермуд ұшбұрышында 30 метр биіктікке жететін өте тік толқындардың болатыны белгілі. Толқындар күшті дауылдың бір уақытта бірнеше нүктеде қозғалуы нәтижесінде пайда болады.

massaget.kz

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары, оқытушылары мен инженерлері орта-арнайы білім беру мекемелеріндегі физика курстарында электр құбылыстары және магнетизмді зерттеуге арналған инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешенінің шағын сериялы өндірісін әзірлеп, қолданысқа енгізді. ҚазҰУ жанындағы Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты даярлаған аталмыш кешен Қазақстанда бұрын-соңды шығарылмаған инновациялық жаңалық болып табылады.**



# ЭЛЕКТР ҚҰБЫЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕЙТІН КЕШЕН

«Бұл отандық инновациялық өнімнің өзге өндірушілерден артықшылығы, біріншіден, көпфункциялы, бір мезгілде 20-дан астам зертханалық жұмыстарды атқара алады. Екіншіден, шағын әрі ыңғайлы, оны кез келген кабинетте қолдана беруге болады. Сондай-ақ заман талабына сай бірқатар баламалы өлшеу құрылғылары цифрлық нұсқаға ауыстырылған», – дейді жобаның Бас инженері – физика-математика ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, доцент Мерлан Досболаев.

Аппараттық-бағдарламалық инновациялық кешен электр тоғының кернеуін өлшеу, күшін өлшеу, тоқ күшінің кернеуге тәуелдігін анықтау, тоқ өткізгіштегі кедергіні өлшеу, өткізгіштерді параллель және тізбектей жалғау, диодты тізбекке қосу, ауыспалы кедергіні анықтау сияқты зертханалық жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Соған қарамастан оның көлемі небәрі – 40х30х15 см. Кешен сырттан электр күшін алмай-ақ дербес жұмыс істеуге қабілетті, аккумуляторлық батареямен жабдықталған. Толық зарядталған батарея кемінде 15 сабақ өткізуге жеткілікті. Зертханалық кешеннің базалық және кеңейтілген екі нұсқасы әзірленді. Кеңейтілген нұсқа базалық нұсқаның барлық қызметтерін қамтиды және бірқатар бірегей жұмыстарды атқарады.

«Аппараттық-бағдарламалық кешен Линукс базасындағы операциялық жүйе орнатылған жалқыплаталық 7 дюймдік мониторлы компьютердің жұмысын толықтай атқарады, сондай-ақ пайдаланушы интерфейсімен сәйкестендіріліп арнайы әзірленген бағдарламамен қамтамасыз етілген. Компьютер 12 биттік аналогты-сандық түрлендіргішке қосылған, ол тоқтың күші 0-5А шегінде, кернеуі -20 - +20В мөлшеріндегі өлшемге мүмкіндік береді. Нақты уақыт режиміндегі бағдарламалық қамтамасыз ету – тоқтың кернеуі мен күшіне, жылдам және орташа қуаттылығына, вольт-амперной сипаттамасына (ВАС) қарамастан есептеп, мониторға шығаруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, дербес компьютердегі деректермен алмасу, ішкі немесе сыртқы жинақтағыштан алынған нәтижелерді жазып алу мүмкіндігі бар», – деп түсіндіреді кешеннің техникалық жағдайын жобаның коммерциялық маманы Асқар Жүнісбеков.

Инновациялық жобаны жүзеге асыру үшін Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары үш жыл бойы тер төкті. Асқар Жүнісбековтің айтуынша, инновациялық аппараттық-бағдарламалық кешен әлі сериялы өндіріске шығарылған жоқ. Алғашқы пилоттық үлгідегі бірнеше инновациялық құрал мектеп оқушыларына көрнекі құрал ретінде орта-арнайы білім беру мекемелеріне берілді. Алдағы уақытта сериялы өндіріске шығарып, шамамен жылына мың данасын тұтынушыларға ұсыну жоспарда бар.

Жоба жетекшісі – әлемдік ғылыми қауымдастықта танымал ғалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тілеккабыл Рамазанов. Жалпы жобаның жұмысына ғылыми-зерттеу институтының жеті маманы қатысты: бас инженер (конструктор) – физика-математика ғылымдарының кандидаты, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, доцент Мерлан Досболаев, коммерцияландыру жөніндегі маман – Асқар Жүнісбеков, жетекші конструктор – Ерасыл Ерланұлы, конструктор – Асан Әбдірахманов, инженер-технолог – Елнұр Елеубаев, инженер – Мақсат Ораз. Олар – ел ғылымының дамуына үлес қосуды мақсат етіп, ойларын іс жүзінде табысты жүзеге асырып келе жатқан инновациялық ғылыми жаңалықтардың авторы, өнертапқыш-физиктер.

Жобаның бас конструкторы Досболаев Мерлан Қылышұлы 2008 жылдың қыркүйек айынан бері плазма физикасы, нанотехнологиялар және компьютерлік физика кафедрасында оқытушы болып жұмыс істейді. Жетекші ғылыми қызметкер, ф.-м.ғ.к., доцент М.Қ.Досболаевтың айналасып жүрген ғылыми бағыты, бүгінгі күнгі плазма физикасының жаңа саласы – қатты идеал емес тозаңды плазма физикасы. М.Қ.Досболаев әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2015 ж.), «ЖОО Үздік оқытушысы – 2015» грантының, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» дипломының (2014 ж.) иегері. Үш мәрте жас және дарынды ғалымдарға арналған мемлекеттік стипендияның иегері (2008 ж., 2010 ж., 2013 ж.), ҚР ThomsonReuters деректер базалары бойынша «Ғылым көшбасшысы» тәуелсіз сыйлығының лауреаты (2016 ж). Бүгінгі күнде оның 160-қа жуық ғылыми жұмыстары бар, соның ішінде импакт-факторлы ThomsonReuters базасының журналында – 44 жұмысы жарияланған. М.Қ.Досболаевтың басшылығымен әзірленген үш студенттік инновациялық жоба Қазақстан көрмелерінде жүлде алды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми инфрақұрылымының стратегиялық мақсаты ғылым, білім және өндірісті біріктіру негізінде әлеуметтік-гуманитарлық орта мен экономика саласын инновациялық дамыту үшін мамандарды қалыптастыру болып табылады. Университет жанындағы Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты 1992 жылы 10 ақпанда құрылған. Институт физиканың әртүрлі саласында ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулер жүргізеді. Қазақстандағы ретсіз жартылай өткізгіштердің, халько-генидті шыны тәріздес жартылай өткізгіштердің және аморфтық наноқұрылымдық алмаз тәріздес көміртектік жұқа қабықшалардың қасиеттерін фундаменталды зерттеулердің негізін қалайды.

Эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институты жұмыстарына физика саласындағы ғалымдар ғана емес, сондай-ақ математиктер, химиктер, биологтар, социологтар, т.б. қатысады. Институт ғалымдарының ғылыми-зерттеулерінің нәтижелері нақты ұсыныстарда көрініс тапты. Оған ғалымдардың инновациялық жобалар бойынша халықаралық көрмелерге қатысуы, алған авторлық куәліктері мен патенттері дәлел. Қазіргі уақытта факультетте теориялық физика, жылу физикасы мен молекулалық физика, физикалық электроника, плазма физикасы мен химиясы мамандықтары бойынша докторлық диссертацияларды қорғайтын мамандандырылған кеңестер жұмыс істейді.

*www.kaznu.kz*

# АТПАЛ АЗАМАТ, ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ДОС ЕДІ...

Төбемізден жай түскендей ауыр хабар болды. Атпал азамат, аққөңіл ер еді. Нағыз нартұлға болатын Нарзулла досымыз!

Өткенде елге келгенде оның жұмысбастылығы, менің уақытымның тығыздығынан кездесе алмай кетіп едік. Әттең, дүние жалғанай деп өкінудемін енді өзегім өртеніп...

Өмірден ерте кеткен жазушы досымыз Есжан Айнабекті елжірей еске алып, көп айта беруші еді...

Біз Есжан, ақын Темірғали Көпбай үшеуміз Алматыда «Жас Қазақ» газетінде жұмыс істеп жүргенде елден Нарзулланың бізді іздеп келіпкетуі бір қызық серуенге ұласатын... Жалын атқан жастық дәурен екен ғой шіркін бәрі... Енді Есжанның артынан Нарзулла досымыз да іздеп кетті... Пейіште нұры шалқи бергей.



Бәрі аяқ астынан болып, кеш хабар алғандықтан, астанадан шұғыл ұшып баруға, топырақ салуға мүмкіндік болмағанына өкініп отырмын...

Алла ісіне амал жоқ!

Нарзулла Садықұлы Оразымбетов табиғат қорғау мен орман саласына зор еңбек сіңірген кәсіби маман, білікті басшы еді. Қатардағы орманшыдан Облыстық басқарма басшысы орынбасарлығына дейін талай табиғат пен орман мекемелерінің директоры болды. Жоғары оқу орындарына орман шаруашылығына арналған арнайы оқулықтың шығуына да мұрындық болды.

Жақсы көретін ағасы, белгілі жазушы Сәбит Досановтың да кітаптарына да демеуші болғаны бар. Ақын-жазушыларға жақын жүретін еді.

Не жұмыс болсын, жапырып істейтін іскер еді. Абыройлы, адамгершілігі зор, әділ еді.

Алды пейіш, арты кеніш болғай! Алла алдынан жарылқап, арты қайырлы болғай. Жатқан жері жайлы болсын.

Отбасына, асыл жары Ләззатқа, Нұрдәулет бастаған алтын асықтай ұл-қыздарына, бауырлары мен туған-туыстарына көңіл айтамыз!. Құдай ұрпақтарына ұзақ ғұмыр бергей.

Иманы саламат болсын!

Хош, абзал азамат, асыл досым Нарзулла!

**Қазыбек ИСА**
*Қазақ үні*

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ
БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
Тарату бөлімі:
Нұр-Сұлтанда:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш»
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail. com
www. qazaquni. kz
Кезекші редактор –
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген